



Дараматтан дарындар

Орал қаласының ақпараттық – талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Халықаралық студенттер күніне орай «Үздік – 2022» байқауы өткізілді.

Студенттерді ізденгіштікке, тапқырлыққа баулу, білімді жастар мен үздік ұжымдарды анықтау мақсатында жүзеге асырылған байқауда Мәдениет және өнер факультетінің студенттерінен топтасқан «Мұрагер» студенттік театры «Үздік студенттік ұйым» номинациясын жеңіп алды. Жетекшісі - Хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасының аға оқытушысы Исакова Индира Идиятовна. Сондай-ақ, аталмыш байқауда шаһарымыздың өркендеуі, қоғамды дамыту бағытындағы қызметі үшін 5-курс студенті Қоблан Мирас Қобланұлы (Режиссура мамандығы) «Үздік студент» номинациясымен марапатталды.



Студенттерімізді жеткен жетістіктерімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз! Әрдайым биік белестерді бағындыра беріңіздер!



Қараша айының 25-ші жұлдызында «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Шешендік - тұлға көркі» акциясы аясындағы «Үздік шешен студент» байқауы ұйымдастырылды. Атаулы шараға университетіміздің филология факультетінің 3-4 курс студенттері қатысты.

Шешендік – тұлға көркі

Әділ қазылар мүшесі:

Әскен Самұратұлы Мұханбетқалиев, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Стратегия және сапаны қамтамасыз ету бойынша проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – төраға;

Дәурен Сәбитұлы Сатқанов, «West Qaz Agro» ЖШС директоры, БҚО «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің мүшесі, кәсіпкер;

Дәурен Ғабитұлы Ахонов, Батыс Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректорының орынбасары, Студенттер сарайының директоры;

Марат Қайыржанұлы Әжіғалиев, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Айдарбек Ахметұлы Ақболатов, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің деканы, философия докторы (PhD), доцент;


Қарлығаш Рахымқызы Қажымова, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәдениет және өнер факультетінің деканы, философия докторы (PhD);

Айгерім Батырғалиқызы Батырғалиева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің II курс магистранты, 2020 жылғы «Үздік шешен-ділмәр студент» байқауының Бас жүлде иегері;

Масабаева Индира, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің II курс магистранты.

Модераторлар: Тастенов Айтуған Шаймарданұлы, Фил-43-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы); Жасқайратова Дильназ Руфатқызы, Фил-43-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы); Қыдыршаев Мақсат Абатұлы, ИЯ-41-топ студенті («Шет тілі: екі шет тіл» мамандығы).

Сайыс қорытындысы бойынша басжүлдені «Филология:



қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті **Абыл Жайна** және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті **Әділ Ахмет** иеленді.

I орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері **Айтуған Тастенов**, **Арай Зайдекенова**;

II орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері **Дильназ Жасқайратова**, **Нейля Камун**;

II орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері **Сымбат Бөкенбаева**, **Аида Оразова**;

III орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері **Зухра Рысқалиева**, **Дәметкен Сағынбаева**;

III орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті **Тоғжан Байкенова**;

III орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері **Гүлнұр Көшербаева**, **Гүлімжан Нұрбақыт**.

Алғыс хат иегерлері: Ернар Тәжімағамбет, Жансая Сарева, Айым Қойшыбай, Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Айдана Мақсотова, Әдемі Конкакова, Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, Гүлайым Мақсотова қанжығаларына байлады.

Жеңімпаздарға диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды.

7-10 қараша күндері Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Сариев оқулары: Музейдегі мәдениет әлемі» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, суретші Шаймардан Сариевтің туғанына 85 жыл толуына арналған суретшілер арасында «Ақтаңдақтар ақиқаты» тақырыбында республикалық байқау-көрмесін қорытындылауға арналған шаралар өтті.

Талғамы мол танымдық шара

Қарашаның 7-сі күні конференцияға қатысушы республиканың әр түкпірінен келген меймандар Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі мен Ш.Сариев атындағы Өнер музейін тамашалады. Ал 9-шы қарашада Өнер музейінде мерекелік жиын басталды. «Қазақстанның Еңбек Ері», Қазақстан және Қырғызстан Республикасының «Еңбек сіңірген қайраткері», «Парасат», «Дөнекер», «Отан» ордендерінің иегері Илья Жақанов өнер әлемінде орын алған айтулы оқиғалардың басталуымен құттықтап, ақ батасын берді. Жиынды салтанатты түрде ашу үшін сөз алған Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшы орынбасары Қыстаубаева Әсия Баянқызы өнер, музейтану, мәдениеттану, т.б. сала мамандарының пікірталас алаңы – республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға және республикалық байқауға қатысушы қылқалам шеберлеріне игі тілегін арнады. Отыз кезеңді бастан өткерген ордалы музейдің өткені мен бүгіні, даму кезеңдері туралы алдын-ала түсірілген «Алтын қорда-асыл мұра» атты дайындалған деректі фильм тамашаланды.

Кеш соңында «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты республикалық байқау-көрмесін ашу үшін лента қию рәсімі өткізілді. Көрермендер байқау-көрме туындыларымен танысты.

Арайлым БИҒАЛИҚЫЗЫ,
Фил-31 тобының студенті

День благодарения!

Традиционный день благодарения был отмечен 24 ноября студентами факультета филологии иностранных языков. Известно, что американцы празднуют этот день в четвертый четверг последнего месяца осени.



На мероприятии с Кристиной Маккартни участники узнали о традициях этого дня немало интересного. Студентам было предоставлено слово для благодарности. Также мероприятие посетил проректор по научной работе и международным связям - Ахмеденов Кажымурат Максотулы, который поздравил всех участников с праздником и выразил свою благодарность за активность и проведение подобных встреч. К концу мероприятия студенты отведали угощения, приготовленные Кристиной. Встреча, организованная с целью просвещения о культуре и традициях США, прошла успешно, у участников осталось приятное впечатление от данного события. Проректор в своей речи отметил, что у казахстанцев тоже есть свой день благодарения, который проводится первого марта. Праздник был инициирован Первым Президентом Казахстана в 2016 году.

Одна из целей данного праздника – воспитание у растущего поколения чувства толерантности, уважения и дружелюбия друг к другу, а также укрепление межэтнического согласия и межнациональных отношений в Казахстане.

Аяулым АШИМЖАНОВА

Жат ағым жарға жығады

Дін мәселесі – өте өзекті тақырып. Әсіресе, оңы мен солын әлі жете танып-білмеген өрімдей жастардың діни көзқарасын қалыптастыру, оларға салиқалы әрі салмақты түсінік беру тек сала мамандарының ғана қолынан келетіні сөзсіз. Осы орайда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің №1 жатақханасында діни сауатсыздықтың зардабы және жат ағымның алдын алу мақсатында студенттерге дәріс оқылды. Дәріске №1,2,3 жатақхананың студенттері қатысты.

Кездесу барысында арнайы қонақ, дінтанушы, философия ғылымының кандидаты Кеңшілік Тышханұлы жастар тәрбиесі – қоғамның іргетасы екендігін айта келе, рухани құндылықтардың тұлғалық келбеті жайлы жастарға түсінік беріп, деструктивтік ағымдардың ұлттық құндылықтарға тигізер зияндылығын түсіндірді.

Дін – құдайға жақындық. Құдай ізгілікті, жұмсақтықты, мейірімділікті жақсы көреді. Сондықтан, біздің «дін» деп ұстанып жүргеніміз адасушылық боп кетіп жүрмесін. Бізді

қоғамнан, ата-анамыздан, Отанымыздан алшақтатып жіберетін араңдатушылыққа айналмағай. Біз осы нәрселерді мұқият назарда ұстауымыз қажет, - деп қорытындылады өз сөзін К.Тышханұлы.

Кездесу соңы пікір алмасуға ұласып, студенттер дінтанушыға дін мен дәстүр жайлы сауалдарын жолдап, кең мағлұмат алды. Шара естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ МӘРТЕБЕСІ

11 қараша күні университетіміздің Ғылыми кітапханасында «Ұлттық теңге мәртебесі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараның мақсаты - келешек жас ұрпаққа теңгенің тарихы мен маңызын түсіндіру.

Аталмыш шараға Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Батыс Қазақстан облысы филиалының экс директоры, қаржы саласының еңбек сіңірген қызметкері, қоғам қайраткері Сатыбалдина Галия Камчатова, «Есеп және қаржы» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қатысып, студенттерге Қазақстанның ұлттық ақшаға көшу тарихы мен ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі туралы ақпаратпен бөлісті. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Кусаинов Рахметолла Кусаинович ұлттық теңгеміздің ескі жәдігерлерінен бастап жинаған ертеректегі қағаз тиындарымен, ақшаларын, сонымен қатар ұлттық салт—дәстүрге байланысты шығарылған «Шашу» деп аталатын монеталарын баршаның назарына ұсынды. Нумизматика саласына қызығушылық танытатын Рахметолла Кусаинович бұл құнды жәдігерлерді



келешек ұрпаққа ұлттық валютамыздың тарихы ретінде насихаттау үшін жинайтынын айтты. Жаратылыстану-география факультетінің 1 курс студенті Жексенұлы Нұрсұлтан Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйін орындап көрермендердің көңілін тебірентті. Кеш естелік суретке түсумен қорытындыланды.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ САРАЛАНДЫ

24 қараша күні Есеп және қаржы кафедрасында, э.ғ.м., аға оқытушы, Әділ Ерболатұлы Төлеповтің ұйымдастыруымен республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы конкурсының университетішілік кезеңі оздырылды.



Секция атауы: «Қазақстандағы бухгалтерлік есеп және қаржы жүйесінің жаһандық трендтерге сәйкес даму перспективалары». Конкурсақ барлығы 8 қатысушы өз ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғауға өтініш білдірді. 2-4 курс студенттері өз ғылыми-зерттеулерінде бухгалтерлік есеп пен қаржы-экономика жүйесінің өзекті мәселелерін қозғады. Кафедра профессор-оқытушыларынан құралған әділқазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарына жоғары баға берді.

Конкурс нәтижесінде ЭИМ-32 тобының студенті Елжасов Ибрагим I (жетекшісі - э.ғ.к., аға оқытушы Н.Г.Шамакова), ЭИМ-31 тобының студенті Қосыбаев Ілияс II (жетекшісі - э.ғ.м., аға оқытушы Э.Н.Баудиярова), Ф-41 тобының студенті Иманов Асылхан III (жетекшісі - э.ғ.м., аға оқытушы Ә.Е.Төлепов) жүлделі орындарды иеленді.

Жүлделі орын алған студенттерді құттықтай отырып, алдағы республикалық кезеңде сәттілік тілейміз!

Тарих мамандығының 1-курс студенттері «Ист-11» тобына алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов» тақырыбында топ кураторы, Phd доктор Назгуль Бактығалиевна кураторлық сағат өткізді.

ҰЛТТЫҢ ҒЫЛЫМ ФЕТАЗЫ

Шара барысында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметіне жан-жақты толық мағлұматтар берілді. Студенттерге алаш қайраткері Ахмет туралы бейне жазбалар, фото-суреттер және презентация арқылы түсіндірілді. Соңында студенттерге сұрақ қойылып, «Наһод» бағдарламасы арқылы кері байланыс мақсатында тест сұрақтары берілді. А.Байтұрсыновтың өлеңдерін студенттер талдап, өз ойларын ортаға салды. Топ кураторы Ахмет туралы ғылыми еңбектермен таныстырып, қысқаша түсіндірді. Студенттер алған әсерлерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды.



Жақында Бейнелеу өнері және Дизайн кафедрасының оқытушысы магистр Файзуллина Эльвира Елемесовнаның ұйымдастыруымен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының сән және костюм кафедрасының меңгерушісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, доцент Жұмағалиев Муслим Садықұлымен кездесу өткізілді. Сонымен қатар жергілікті белгілі дизайнер «МЕКО» брендінің директоры Нургалиев Мендыбек Идрисович сол кездесуге шақырылды.

СӘН ӘЛЕМІНІҢ СЕРІЛЕРІ



Кездесу барысында М.С.Жұмағалиев қазақ халқының салт-дәстүрге бай тарихын өз коллекциясында қалай қолданғанын айтып, студенттерге киім үлгілерін көрсетті. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауаптарын ала алды. «МЕКО» брендінің жетекшісі М.И.Нургалиев сән саласында өзінің заманауи бағытта жұмыстанатынын айта кетті. Бұл кездесу сән саласында оқып жүрген студенттерге үлкен әсер берді.

ВСЁ РАДИ СПРАВЕДЛИВОСТИ!

25 ноября 2022 в Западно-Казахстанском инновационно-технологическом университете на факультете педагогики, кафедры истории и права был проведен открытый урок при поддержке кафедры правовых дисциплин ЗКУ им. Утемисова, в котором участвовали студенты 3-4 курсов специальности «Правоохранительная деятельность» ЗКИТУ и «Юриспруденция» ЗКУ им. М.Утемисова. Студенты ЗКИТУ под руководством кандидата юридических наук, доцента Х.М. Куставлетова организовали и провели учебный судебный процесс по уголовному делу, в ходе которого участники продемонстрировали навыки и знания, полученные в процессе обучения.



Студенты достаточно ярко провели процесс по рассмотрению уголовного дела по ст. 101 УК РК «Убийство, совершенное в состоянии аффекта».

Гости мероприятия, а также преподаватели отметили реалистичность, организованность и точность образа каждого из участников процесса.

Сами же исполнители отметили для себя ценность проведенного мероприятия, заключающуюся в наглядном закреплении полученного в ходе обучения материала, а также возможности показать приобретенные навыки и знания, показать сущность непосредственно всего уголовно-процессуального правоотношения.

М.Б. УСЕНКО,
магистр бизнеса и управления

Информатика кафедрасында ИР-11, И-11 топтары мен топ кураторы Г.А.Дошеваның ұйымдастыруымен «Жүректен маржан іздеген» атты Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына арналған тәрбие сағаты өтті.

Жүректен маржан іздеген

Кураторлық сағаттың мақсаты - студенттердің бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру. Ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы студент бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу.

Шара барысында студенттер Шерхан Мұртазаның қайталанбас дара өмірі мен шығармашылығы жайлы баяндады. Сонымен қатар, Ш.Мұртазаның қанатты сөздері айтылып, бейнебаяны көрсетілді. Шерхан Мұртазаға арналған арнау жолдары студенттердің орындауында тыңдалды. Өткізілген



шарада Ш.Мұртазаның жүріп өткен өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа үлкен үлгі, дара жол болып қала беретін, еліне адал еңбек етіп, ұлтының қам-қарекетін ойлап өмірден өткен Шерхан Мұртазаның ғибратты ғұмырын насихаттайтын тәрбие сағаты өтті.

Памяти Роберта Рождественского посвящается!

23 ноября в рамках празднования 90-летия со дня рождения Роберта Рождественского, группа РЯЛ-12 и преподаватель кафедры русской филологии Н.Т. Утарова организовали конкурс чтецов. Напомним, что Роберт Иванович Рождественский родился 20 июня 1932 года в Сибири, в небольшом алтайском селе Косиха, недалеко от Барнаула, в семье военнослужащих. Поэт-шестидесятник прожил долгую и интересную жизнь, оставив за собой множество бессмертных произведений.

Участниками конкурсами были студенты из факультетов педагогики, географии и факультета культуры и искусства. На конкурсе прозвучали такие стихотворения поэта, как «Здравствуй, мама!», «За датой – дата...», «Человеку надо мало...», «Если Вы есть, будьте первыми...» и др.

Первого места конкурса удостоилась студентка группы СП-11 Кыдырсихова Аяулым со стихотворением «Если Вы есть, будьте первыми...», второе место заняли Сагындыкова Ляйля и Жумажанова Сабина с одинаковым стихотворением «Знаешь». Третье место завоевали Сагындыкова Назерке с чтением стихотворения «На Земле безжалостно маленькой...» и Галмжанов Акниет со строками произведения «За датой-дата». Поздравляя наших студентов, хочется пожелать дальнейших успехов и творческого процветания!

Аяулым АШИМЖАНОВА



Труд всё побеждает!

Кандидат сельскохозяйственных наук РФ и РК технологии производства продуктов животноводства Мулдаханов Нуржан Рахметович поделился своими достижениями за 2021-2022 год.

В честь проведения 90-летия завода породистых лошадей «Пятимар», 8 декабря прошлого года Нуржан Рахметович с решением комиссии был награжден медалью.

10 июня 2022 года аким района Жанакала – Дархан Закарин поздравил с 50-летием со дня воссоздания района за труд и вклад в процветание своего края.

Нуржан Рахметович был приглашен на участие в республиканском слете животноводов Казахстана, который

прошел 26 августа в селе Чапаево Кызылжарского района. В данном мероприятии он посетил несколько выставок сельскохозяйственных животных и продукции.

Также, он принял участие в практическо-теоретическом семинаре по теме «Система рационального использования пастбищ с использованием дистанционного зондирования земли», организованный КАТУ им. С.Сейфуллина, где получил сертификат от заместителя председателя правления по науке и инновационной деятельности И. Токбергенова.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан №194 от 09 октября 2006 года «О конкурсе на соискание премии Президента «Алтын сапа» и республиканском конкурсе «Лучший товар Казахстана» в



Республиканский конкурс-выставка
«Лучший товар Казахстана»



Участники выставки из ЗКО

республике ежегодно проводятся региональные конкурсы-выставки товаропроизводителей. Региональная конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана» состоялась 15 июля 2022 года в здании Областного казахского драматического театра им. Х.Букеевой. Экспертная комиссия признала победителем компании Нуржана Рахметовича, после чего сообщила о рассмотрении его материалов республиканской комиссией. Отметим, что за победу в конкурс-выставке победители имеют право принять участие на республиканской выставке в городе Нур-Султан. В рамках выставки были проведены розыгрыши призов для посетителей, а также мастер классы для всех желающих.

Хотим поздравить Мулдаханова Нуржана Рахметовича с его достижениями и пожелать дальнейших творческих успехов!

Аяулым АШИМЖАНОВА

«Mister&Miss ISTFAK - 2022»

Тарих, экономика және құқық факультетінде көптен күткен, студенттердің әрбірінің назарын өзіне аударған «Mister&Miss ISTFAK - 2022» байқауы ұйымдастырылды.

Студенттеріміз күрең күздің түрлі реңге боялған ерекше атмосферасын осы сайыс арқылы ерекше сезінді. Байқауда «ҚР Тарихы», «Дүниежүзілік тарих және саяси-әлеуметтік пәндер», «Құқықтану», «Экономика» кафедралары бойынша 4 жұп өз бақтарын сынады. Сайысымыз «Таныстыру», «Талант», «Дефиле», «Сұрақ-жауап», «Вальс» кезеңдерінен құралды. Әділқазы алқасы құрамында факультетіміздің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Нуршат Нуркановна, құрметті қонағымыз Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Ғазезов Мағжан Мағданұлы, үздік бишіміз, Халықаралық қатынастар мамандығының 4-курс студенті Калиева Диана, 4-курс студенті, 2020-2021 оқу жылының студенттік деканы Жұпархан Нұрболатқызы, 3-курс студенті, спорт бағыты бойынша бірнеше белестерді бағындырған Алшынбай Бауыржан бой көрсетті. Әр кезеңде жұптардың шығармашылық және тапқырлық қабілеттері шыңдала түсті. Сайыс кезеңі сайын қыза әрі қызықтырақ бола түсті. Кешіміз студенттердің креативтілігімен, ән-бимен көркейе түсті. Әділқазы алқасының шешімімен әрбір жұп жүлделі орындармен әрі арнайы сыйлықтармен марапатталды. Өз дарындылығын «Mister&Miss ISTFAK - 2022» байқауында айшықтай білгені үшін Алғыс хатпен «Экономика» кафедрасы, жүлделі 3-орынмен «Дүниежүзілік тарих және саяси-әлеуметтік пәндер» кафедрасы, 2-орынмен «Құқықтану» кафедрасының жұбы марапатталды. Ал көптен күткен, бәрінің көкейінде жүрген «Mister&Miss ISTFAK - 2022» атағына «ҚР Тарихы» кафедрасының жұбы лайық деп танылды. Байқау соңында сөз кезегі мыңдаған студенттің арасынан суырылып шыққан студенттік декан Камшат Қайратқызына берілді. Кеш жарқын эмоциялармен, студенттердің ризашылық қошеметтерімен сәтті аяқталды.

Болашағымның бастауы – БҚУ

Мен бала кезімнен журналист болуды армандадым. Теледидардан дикторлар мен тілшілерді көргенде мен де олар сияқты жаңалық, бағдарламалар жүргізіп, ұлы тұлғалардан сұхбат алсам және сол мақалаларымның авторы ретінде менің аты-жөнім жазылып тұрса деген ішкі тілек болатын. Жалпы журналистиканы жай мамандық ретінде қарастыруға болмайды. Бұл сала халықпен тығыз байланысты. Сондықтан да мен оны таңдадым. Бейсен Құранбек, Дана Нұржігіт, Гүлмира Әбіқай және тағы да басқа халық жанашырларына айналған аға-әпкелеріміз сияқты жоғарғы жаққа үні жетпей жатқан бұқараның мұң-мұқтажын естіріп, оларға көмек бере алатын мықты журналист болғым келді. Міне, осындай ойлардан бастау алып, мені өзіне елітіп келе жатқан бұл мамандықтың биыл 1-курс студентімін. Оқу орным – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті. Өз саламның білгірі болғым келеді деген ақ ниет пен асқақ арман арқалаған жас үшін сол мамандықты жақсы деңгейде оқыта алатын білім орнын дұрыс таңдау маңызды-ақ. Мен БҚУ-ды таңдадым. Себебі, 90 жылдық тарихы бар мекеннен талай ұлы тұлғалар мен өз ісінің шеберлері шыққан. Мен де сол адамдардың қатарына қосыламын деген ниеттемін. Және білім ошағының оқытушыларына қарап отырып, білікті маман иесі болып шығатыныма сенімім күшейгендей. Себебі, оқу жылының

басталғанына өте аз уақыт болса да, біраз ілім игеріп, көп нәрсені санаға тоқып алдық. Қысқа уақыт ішінде бізге көп нәрсе үйреткен, саланың жілігін шағып, майын ішкізген Р.Ж.Сисенбаева, Р.Б.Сұлтанғалиева ұстаздарымыз бізге бұл мамандықтың маңызын түсіндіріп қана қоймай, мамандығымызға деген қызығушылықты одан әрі арттыра түсті. Сонымен қатар, университетіміздегі кітапхананың үлкен кітап қорымен толып тұруы көңілімізді қуантты. Ол жерді кітапсүйерлер үшін «Жұмақ мекені» деп атауға болады. Іздегеніңді лезде тауып беретін кітапханашы апайлар да бұл жердің сенін кіргізіп тұрғандай.

Алып кешен – оқудан бөлек, қоғамдық шараларға қатысып, өнерімізді танытар мүмкіндік алаңы. Бойымызда әлі жасырын жатқан талант пен қабілетімізді ашуға тигізер көмегі мол.

Аталған оқу орны болар баланың бетін қақпай, белін буатын, армандарды шындыққа айналдыратын құтты мекен дерсің. Білімпаз даралардың екінші үйіне айнала білген берекелі орын биыл 90 жылдығын дүркіреп атап өтіп жатыр. Туған күніңмен киелі орда, қара шаңырақ! Өзіңнен тәлім алар жас пен мақтанар тұлға, түлектерің көп болсын! Жасай бер, БҚУ! Мен сенімен мақтанамын!

Айсезім САҒЫНДЫҚОВА,
Фил-11 тобының студенті



Студенттік кез – жас ғұмырдың көктемі

— Өмірдің ең қызықты, ұмытылмас керемет шағы – студенттік өмір. Студенттік өмір – жаңа өмірлік достар, алғашқы махаббат, түрлі түрлі дәрістер мен ұйқысыз түндер. Сонымен қатар ата-анамыз бен үйімізді сағыну, сабақта ұйықтап қалу және үлкен өмірге деген біртіндеп жасалған кішкене қадамдар.

Қарашаның 17-жұлдызында тойланатын студенттер күнімен БҚУ-дың жалынды жастарын құттықтаймын. Жоғарғы курс студенті ретінде жаңа буынға сабаққа деген қажымас ынта, сарқылмас білім, қоғамға белсенділік тілеймін. Сонымен қатар үлкен өмірдің қарбалас тіршілігіне кірмей тұрып, көп кітап оқуға, жаңа дүниелерді көптеп үйренуге, достармен де уақытты тиімді өткізуге шақырамын.

Қазақстанның болашағын бұлыңғырлатпай, сенімдерін селдіретпей, көк байрақты көкке көтеріп, еліміздің абыройын асқақта беріңіздер. Әр күндеріңіз сәттілікке толы болсын!

Гаухар ШАЛҚАР,
Фил-31 тобының студенті

Жаңа өмір басталсағы – студенттік шақ



Студенттік өмір - қызығы мен шыжығы қатар жүретін адам өмірінің мәңгі есте қаларлық шағы. Міне, мен де 11 жыл бойы білім нәрімен сусындаған алтын ұя мектебіммен қоштасып, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті табалдырығын “қазақ тілі мен әдебиеті”

пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аттадым.

Университеттегі алғашқы күн... Үлкен оқу орнын қызықтап, оқытушыларды көргенде қасқырды көрген қояндай қорқып, жан-жағыма жалтақтап, кең аудиторияларға кіргенімде таңырқап, таңданғаным рас. Ойымда сан алуан сұрақ өз жауабын тосуда. Солардың бірегейі «ғұмырластарым қандай?», «сабақтар қалай өтеді?», «кураторымыз кім?». Кейіннен бұрын-соңды естісем де аса мән бермеген жаңа атаулармен таныстым, яки «декан», «ректор», «семе́стр» сынды жаңа ұғым атаулары. Жаңа орта жаңа дем беретінін ұғындым. Маңызды өмірге қадам басқанымды жатақхана есігін ашқан сәттен бастап сезіндім. Өз үйім өлең төсегімді артқа тастап, өз бетімше ұядай ғана бір бөлмеде мүлдем танымайтын адамдармен достасып, солармен бір кеседен шәй ішіп, бір нанды бөліп жеу үлкен өмірдің алғашқы сатысы деп білемін.

Алдымызда әлі 3 жыл бар. Дегенмен, барлығы алғашқы балмұздақ болып келген сәтіміздей бола бермейді. 1-курс - жаңа таныстықтар мен түрлі қыр-сырымыздың кеңінен дамып, ашылатын кезеңі. Әйткенмен де, ең басты міндетіміз - үміт артқан ата-анамыздың сенімін ақтап, төрт жыл оқуымызды өз қалағанымыздай аяқтау.

4 жыл 4 ай секілді көзді ашып-жұмғанша өтеді де кетеді. Ал, студенттік шақ қайта айналып келмейді. Сол үшін қазіргі сәтімізден ләззат алып, оны есте қаларлықтай етіп өткізу - өз қолымызда.

Салтанат ЗҰЛҚАРНАЕВА,
ҚТӘ-11 тобының студенті

Студент – это не призвание, а состояние души!

Студенческие годы - это лучшие годы в жизни каждого. Годы, проведенные в стенах высшего учебного заведения, являются важной вехой для тех, кто решил избрать путь науки. Жизнь студента очень сильно отличается от привычного для обычного человека образа жизни, где для успешной адаптации, придется совершить массу трансформаций. Студенты - это те люди, которые покинув стены школы, становятся вольными птицами своей жизни, а университет помогает набрать опыт в самостоятельности. Среди студентов нашего университета, несомненно, есть талантливые и подающие большие надежды личности. Такой, например, является студентка первого курса группы РЯЛШ-12, Жеткешова Камилла.

- Камилла, нравится ли вам студенческая жизнь? Расскажите об особенностях студенческой жизни.

- Да, конечно. Ведь у меня появились новые возможности в новом городе. Студенты делают огромный шаг во взрослую жизнь и учатся жить самостоятельно. Порой даже понимаешь родителей в материальном плане. Студенческая жизнь делает нас взрослее и ответственнее.

- Что вас подтолкнуло к выбору данной образовательной программы?

- Главным мотиватором в выборе профессии были книги, давно их читаю. Благодаря книгам поняла, что хочу связать жизнь с филологией.

- С какими трудностями вы сталкивались за время обучения?

- Особых затруднений в плане учебы не было, хотя иногда и делала домашнее задание до глубокой ночи.

- Каких достижений вы достигли за весь учебный период?

- К сожалению, помимо хороших оценок ничего такого нет, но я бы хотела поучаствовать в конкурсах по эссе и предстоящих многих других.

- Почему ваш выбор пал именно на этот университет?

- Многие знакомые, выпускники моей школы и учителя в школе закончили именно этот университет. По их советам я решила поступить сюда, и как по мне, не ошиблась в выборе!

Таким образом, мы немного заглянули в жизнь новоиспеченного студента. Ответы юной студентки говорят сами за себя. В нашем университете немало активных и находчивых студентов, которые с каждым годом пополняют число людей за которых мы гордимся. Выбирая профессию, мы выбираем себе будущее, а каким оно будет - зависит только от нас!

Аяулым АШИМЖАНОВА





ПЕДАГОГИКА факультеті

Білімді ұрпақ-жарқын болашақ

11 қараша күні педагогика факультеті студенттерінің арасында білімділер додасы ұйымдастырылды. Сайысқа белсене ат салысқан факультет студенттері Оразбаева Ботагөз, Ізбасқан Сандуғаш, Шандаев Тимурхан барлық қатысушы топтарға сәттілік тілеп, сайыстың негізгі мақсатымен, ережелерімен таныстырып өтті.



Сайыстың мақсаты – студенттердің жан – жақтылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар кез келген саладағы біліктілігі мен жалпылама сауаттылығын нығайту. Шара 3 кезеңнен тұрды. Әр кезең өзіндік деңгейлеріне байланысты ерекшеленді. Әр топ сол кезеңдерден өту

арқылы өз зеректіліктері мен ұшқыр ойлылықтарын дәлелдей отырып, қорытындыланды. Сайысқа 1,2,4-курс студенттері қатысып бақ сынады. Үш кезең бойынша қорытынды шығарылып, жүлдегерлер дипломдармен марапатталды.

Ботагөз ОРАЛБАЕВА

Жатақхана кеші көңілді

12 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті №2 жатақхана, педагогика факультетінің студенттері арасында «Жатақхана кеші көңілді» атты шара өткізілді. Мақсаты - студенттердің қоғамдық орынға бейімделуі, өзара танысу, мәдениеттілікке, көпшілікке, ұйымшылдыққа баулу, студенттік өмірдің қызығы мен қиыншылығы туралы көріністер көрсету.



Бұл шарада студенттердің өнері мен тапқырлығына жол ашып, бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру. Студенттерді адамгершілікке, жаңашылдыққа, адалдыққа, жан-жақтылыққа және мейірімділікке баулу. Шара барысында студенттеріміз 90-жылдарды еске түсіріп, сол кездің қызықты өміріне, киімдеріне пародия жасап керемет көңіл-күй сыйлады.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

8 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚУ Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен студенттер күніне орай факультет белсенділері арасында көңілді кеш өткізілді. Мақсаты - 1-4-курс студенттерінің қарым-қатынастарын нығайтып, көңілдерін көтеру, бос уақыттарын қызықты әрі пайдалы өткізуге баулу.

Қызықты көңіл, студенттік өмір



Жалпы кеш 3 түрлі кезеңнен құралды. Алғашқыда «Өріпті бейнеле» атты ойын ойнатылды. 6 топтан 2 адамнан шығып, жүргізуші айтқан өріпті қимыл арқылы көрсетті. Екінші кезең - «Сән үлгісі». Бұл кезеңде әр топ қолдарындағы бар материалдармен күзгі сән көрсетілімін көрсетіп, жаңаша киім үлгілерімен алға озды. Кеш барысында қазіргі жастар арасында кең тараған Tik-Tok бағдарламасы бойынша бейнероликтер түсірілді. Қатысушылар ынтасын арттыру мақсатында әр кезең соңында қатысушыларға сый-сияпаттар тарту етілді. Шараның соңы керемет би көшімен аяқталды.

Факультет белсенділері бұл кеш арқылы өздерін жаңа тұрғыда байқап көріп, бос уақыттарын бірге тиімді пайдалана білді. Өткізілген іс-шарадан ерекше әсер алып, көңіл көтерді.

Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» атты арнайы маманмен кездесу өтті. Мақсаты - жасөспірімдер мен жастардың АИТВ- инфекциясының әсері туралы хабардарлығын арттыру, стигма мен кемітушілікті жою, жастар мен студенттер арасында иммундық тапшылық вирусы (АИТВ) және жұқтырылған иммундық тапшылық синдромын (ЖИТС) алдын алу.



Шара басында студенттерге ұнпарақтар таратылды. Арнайы кездесуге облыстық ЖИТС-тің алдын алу бөлімінің педагогы Умбетова Гульнара Кимовна қатысып студенттерге баяндама оқыды және де презентация, бейнероликтер көрсетілді. Студенттер кері байланыс жасап, көкейлерінде жүрген сұрақтарына нақты жауап ала білді.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

“Қазақстан халқына” қоғамдық қоры

Қараша айының 17-жұлдызында «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы бойынша байқау кезеңдерінің аяқталуына, сондай-ақ кері байланыс орнату мақсатында Zoom платформасы арқылы Қордың білім беру гранттарының иегерлерімен онлайн форматта кездесу өткізді.



Алдымен модератор – Қордың ресми өкілі-баспасөз хатшысы Д.Б.Бейсенбек алғашқы сөз сөйледі. Кездесу барысында Қордың Басқарма төрағасының орынбасары Л.А.Чинкисбаева студенттер мен оқу орындарының өкілдерін қайырымдылық бағдарламасын іске асыру қорытындыларымен және Қор қызметімен таныстырды. Содан кездесу Қазақстанның әр түпкірінің жоғары оқу орындарынан грант иегері атанған студенттердің алғыс-тілегімен жалғасты. Соның ішінде, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің студенті Мария Кенесова өзінің бастан кешкен тағдырын айтып, қиын шақта қордың қолұшын созғаны, қиындықтарға төзіп, үміт оты сөнбей, соңына дейін сенген ол қорға үлкен алғысын білдірді. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенті Мейрам Иманов - мүмкіндігі шектеулі, ерекше бала. Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенті. Алдына нақты мақсат қойған, арманы биік. Болашақта

мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыстанғысы келеді. Қордың арқасында өзінің арманы орындалатынына сенімі бар. Сонымен бірге, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен Филология факультетінің 2-курс студенті Айна Даутова сөз сөйлеп, өз лебізін білдірді:

- Студент боп жаңа өмір бастаған әр адам баласының арманы грантта оқып, ата-ана үмітін ақтап, оларға масыл болмай өмір сүру. Бірақ та сол уақытта бұл бақыттың бізге бұйырмағанына қарамастан бізге қайтадан жаңа мүмкіндік сыйлап, кеудедегі үмітті өлтірмегендеріңіз үшін шынайы алғыс білдіреміз, - деді ол өз сөзінде.

Сөз соңында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының ұйымы студенттерге өз алғыстарын айтып, алдағы студенттік өмірлеріне сәттілік тіледі.

Виктория БАКАУШИНА,
ФИЛ-21 тобының студенті

Қараша айының 11-і күні филология факультетінде театрланған қойылым, студенттердің ұйымдастыруымен “Нұртас пен Жамиланың” ұлан асыр тойы өтті. Бұл тойдың ерекшелігі 90-ыншы жылдардың стилінде болуында. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші студенттер тойдың алдындағы қызу дайындықты да көрсете білді. Той қонақтары ретінде факультет деканы және белсенді студенттер шақырылды.

Қазақ халқының үйлену тойдағы барлық салт-дәстүрлері көрсетілді. Алып қашу, артынан қуғыншылардың келуі бәрі осы қойылымда көрініс тапты. Той үстіндегі қызықтар, ақсақалдардың бата беруі, түрлі ойындар, екі жасқа тілек айту, 90-шы жылдардың танымал әндері, той соңындағы ерегес бәрі көрсетілді.

Бұл тойдың өткізілу мақсаты - ұмыт қалған дәстүрлерді жаңғырту, студенттердің бос уақытын көңілді өткізу, актерлік шеберлігі бар студенттердің қабілетін одан әрі ашу. Ұйымдастырған факультетіміздің “Сапар” әртістік ұйымына, 1-курс белсенді студенттеріне алғыс білдіреміз.



Менің арманымдағы ҚАЗАҚСТАН

Өз болашағымды, өмірімді қазақ ұлтының келешегіне арнау менің қазіргі таңдағы мақсатым, арманым. Қазақстан - ұлы бабалар мекені. Ұлылыққа толы қалың елдің, осыдан 31 жыл бұрын ғасырлық бодандықтан босатылып, басына тәуелсіздік таңы атқанымен, әлі де дамушы мемлекеттер қатарында болуы менің - Қазақстан Республикасының азаматшасы ретінде жүрегімді қынжылтады. Бұл жағдайды өзгерту үшін арманымдағы Қазақстан қандай? Менің арманымдағы Қазақстанды жаңғырту үшін не қажет? Осы сұрақтарға жауап беремін. Менің көз қарасым бойынша арманымдағы Қазақ еліне жету үшін белгілі бір кедергілерді, яғни мәселелерді жою қажет. Әрбір мәселенің өзіндік шығу тамыры, тарихы болатындығы баршамызға мәлім. Біз Ресей үкіметінің тарапынан өз ұлттық болмысымызбен, ерекшелігімізді жоғалтуға сәл қалдық. Бұл ешбір қазаққа сыр емес. Ең басты ұлттық болмысымыз - біздің ана тіліміз. Өлі күнге дейін еліміздің жарты пайызынан көбісі мемлекеттік тіл - қазақ тілінен гөрі, орыс тілінде сөйлегенді ыңғай көреді. Ахмет Байтұрсынов бабамыз айтқандай “Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады”. Шынымен де, тілі жоқ халықтың ертеңі бұлыңғыр. Тіл - тарих, тіл - салт-дәстүр, тіл - мәдениет. Әр ұлттың ұлттық болмысын байланыстырушы құрал - ана тілі. Ал ана тілінде сөйлейтін - халық. Қоғамымыз екіге бөлініп кетті: қазақ тілінде сөйлеушілер және орыс тілінде сөйлеушілер. Бұл бірлік пен ынтымақтастықтың болуына үлкен кедергі жасайды. Себебі екі топ арасында түсініспеушіліктердің болуы әбден мүмкін. Бір топ өзгені мәңгірт деп ренжітсе, екіншілері “мәмбет” деп жауап қайтарады. Міне, бұл біздің қазіргі таңдағы дамыған мемлекеттер қатарында болмауымыздың себебі. Яғни қоғам ішінде елді дамыту үшін ниеттің, бірліктің болмауы. Бұнымен айтқым келгені, менің арманымдағы Қазақстанның ең басты бөлімі - мемлекеттік тілдің беделінің тек Қазақстан ішінде ғана емес, сонымен қоса бүкіл әлем деңгейінде мықты болуы. Бұл ел ішіндегі бірлікпен қоса, әлемдік беделді түсірмеу үшін қазақ тілін одан сайын жаңғыртуға себеп болады. Ол үшін - жұмысқа орналасу, жоғары оқу орнында оқу, азаматтық алу үшін мемлекеттік тілді кем дегенде орташа деңгейде білу қажеттілігі. Әр 1-4 сынып оқушыларының мектеп бағдарламасында тек қазақ тілі, қазақ салт-дәстүрі мен мәдениеті, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы сияқты пәндердің болуы. Ел ішінен қазақ тілінің беделін көтердік делік. Бұл біз үшін үлкен тиімділік. Бірлік пен елді алға жетелеу ниеті пайда болды. Патриоттық сезім дамыды. Ал оның сырттай танылып, әлемдік тілдер қатарына кіруі үшін не қажет? Жауабым - Қазақстан экономикасының ең алдымен іштей, содан соң сырттай дамып, тауарды алу үшін шетелдіктердің елге келген сәтінде тіл білу міндеттілігін ұйғара отырып, қазақ тілін үйрене бастауы. Шаруашылықтың дамуы, одан шыққан өнімдердің отандық брендке айналып, сыртқа шығуы және қазба байлықтарының іштен көптеп тұтынылуы. Экономиканың дамуына үш мысал келтіре аламын. Біріншісі, мал шаруашылығының дамуы арқылы төрт түлік малдың терісін, жүнін, сүтін, етін әлемдік киім бренді, текстиль, тағамдар шығару және экспорттау үшін қолдану. Киім брендіне іш киім, сыртқы киім, аяқ киім, ал текстильге мата, кілемдер мысал бола алады. Екіншісі, егін шаруашылығының, бау-бақшаның дамуы арқылы шыққан өнімдерді көптеп экспорттау және бұл өнімнен тағам дайындайтын, жиһаз дайындайтын, құрылыс материалдарын дайындайтын отандық компаниялар құру. Үшіншісі, қазба байлықтары, соның ішінде алюминий тектес шикізаттарды қолдану арқылы өзіндік өндірістік көлік транспорттарын шығару. Дәлірек айтқанда, отандық көлік брендінің әлем деңгейінде таныту. Қазақ жерінен шыққан талантты, өнерлі тұлғалардың болуы да әлемге танылуымызға бір көмек. Оған Димаш Құдайбергенов өзінің керемет, ерекше дауысымен мысал бола алады.

Қазақ халқы - ертеден өнерлі халық. Қанымызда барды жоққа шығармай, музыка, сурет салу, ақындық, би, спорт салаларын дамытуымыз міндет. Жас ұрпақтың бетін қайтармай, заманауи стиль мен қазақи стильдің қосылуын ұйымдастырып, қолдау қажет. Еліміздің мөлдір суы, қасиетті топырағы, асқар шыңдары Ұлы Даланың - Қазақ жерінің ерлікке толы тарихына, тілінің құдыреттілігіне, салтының әсемділігіне куә. Бұл қастерлі мекеннің белгісі іспеттес. Жер десең қазба байлыққа толы, алпауыт жері бар. Халқы десең бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір кешіп жатқан көпұлтты халқы бар. Талант десең сан түрлі өнер салаларынан шыққан, дарынды тұлғалары бар Қазақстан елі - болашағы жарқын мемлекет. Қазақ елін саяси, экономикалық, әлеуметтік бағыттарда дамыту үшін барлығы бар. Тек бірлік пен ертеңгі күнге сенімділік, батылдық пен патриоттық сезімді дамыту қажет. Мен еліміздің ертеңіне тек ана тілім, ол тілде сөйлейтін халқым барда ғана сенемін.

Фарица БИСЕНБАЙ,
ИЯ-11 тобының студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Иванова Назкен

БҚУ жастары ресми студент атанды

Ғасырға жуық тарихы бар, еліміздегі еңселі оқу ордасы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1-курс білімгерлерін салтанатты түрде “Студенттік қатарға қабылдау” кеші ұйымдастырылды. Армандарын арқалап, қиялдарын қанаттарына байлап келген жас ұландар ресми түрде студент атанды. Атамекен” өнер ордасында өткен шарада дәстүрлі “Ант беру” рәсімін жасады.

Ақ Жайықтың жағасында орналасқан Оралдағы БҚУ-ға тағы да жаңа леп қосылды. Кеше ғана мектеп табалдырығында білім алып, үлкен арман әлемін шарлап, жоғары оқу орнына түссем деген ізгі ой қалықтаған буын, бүгінде студент атанып, арманның ақ тұлпарын мініп, білім әлемін шарлауға дайын тұр. Жас толқын жастардың жанарынан жарқын болашақ, үлкен арман-мұраттар байқалады.

Салтанатты кеште алғашқылардың бірі болып сөз алған Жастар ісі комитетінің жетекшісі Қонысбаев Абылай Оңғарұлы:

-Қош келдіңіздер, құрметті 1-курс студенттері! Сіздердің келгендеріңіз жаңа толқын. Жаңа толқын алдыңғы толқыннан да биік болады. Сондықтан да, сіздердің білім жолындағы нәтижелеріңіз де биік болады деген сенемін. Демек, жаңа толқын, бұл үлкен айдын. Шалқар айдындың көлемі қандай үлкен болып келетіндігін байқасаңыздар, сіздер біздің университетімізді көрсететін үлкен айдындың

айнасысыздар. Университет жыл сайын өзінің үлкен дәстүрін жалғастырып келеді. Қазіргі студенттер біздің мақтаныштарымыз. Өлемде тек үздік спортшылар ғана бақ сынай алатын дүбірлі олимпиадаға да, ел үмітін ақтауға шыққан мақтаныштарымыз да біздің университеттен шығып отыр. Сіздер де осы қатарды толықтырасыздар деген үміттемін, - деді.

Саяси науқанмен тұспа-тұс келгендіктен салтанатты рәсімде сөз алмаған университет ректоры Н.Х.Серғалиев өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында студент жастарды ағынан жарыла құттықтау жолдады:

-Қадірлі достар, жалынды жастар!

Университеттің 90 жылдық тарихы мен тағылымы, білімді ұстаздардан алған тәлім-тәрбие - сіздерге өмірлік рухани азық боларына сенімдімін. Бүгінгі күш – білім мен бірлікте! Бүгінгі зейінді жас – білімге бейімді жас! Анық білеріміз, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен



биік қоятын ұлт табысқа жетпек, - деп жазылған.

Шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Сахнада «MakhamBand» тобы, танымал жас жұлдыздар мен университет мақтаныштары өннен шашу шашты.

Заманауи бишілерге қосылып, залдағы жастар да кештің көркін қыздырды.

Барша “балмұздақтарға” студенттік шақтарыңыз сәтті өтсін деген тілек білдіреміз!

Айзада ДЮСЕНОВА



Фестивальді тамашалауға келгендердің көбі - студент-жастар. Әр университет студенттері бір-бірінен қалыспай сахнаға шыққан жас өнерпаздарға қошеметін аямады. Облыстық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық ұйымдастырған сайыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, сондай-ақ Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенттері сынға түсті.

Аталған ресурстық орталықтың басшысы Аслан Тапишевтің айтуынша, жыл сайын үкіметтік емес ұйымдардың ұйымдастыруымен өтетін жобаны биыл орталық өз күшімен өткізуде.

Қатысушылар кештің талаптарына сәйкес 45 минуттан аспайтын толық концерттік бағдарлама дайындап әкелген. Сахнаға шыққан өнерпаздар бірі эстрадалық және дәстүрлі әндерді орындаса, енді бірі музыкалық аспапта ойнап, түрлі бағыттағы билерді биледі. Сонымен қатар олар қазіргі таңда көркемсөздің де кенже қалмағанын көрсетіп, қазақ әдебиетіндегі сан алуан шығармаларды тебірене оқыды. Әр университеттен шыққан жайдарманшылар көпшілікті қалжыңдарымен қағытып, күлкіге қарық қылды.

Бар жанарды жаулаған «JANA TOLQYN»

Қаламыздағы Жастар мәдениет үйінде «JANA TOLQYN - 2022» атауымен дәстүрлі облыстық фестиваль өтті. Өнер байқауына Орал қаласындағы төрт жоғары оқу орнының I курс студенттері қатысты.

Облыстық деңгейде өткен дүбірлі додада жастардың өнерге деген құштарлығымен қатар, өздерінің қабілет-қарымын шыңдағысы келетіндері аңғарылып тұрды.

Сонымен, «JANA TOLQYN - 2022» шығармашылық фестивалінің қорытындысы бойынша барлық аталымда басым түскен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жастары жеңіс тұғырынан көрініп, I орынды иеленді. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұландары II орынды еншілесе, III орын Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің студенттеріне бұйырды. Ал Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің өнерпаздары алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ, жүлдегерлерге қаржылай сертификаттар табыс етілді.





КАК ДЕЛА, МАГИСТРАНТ?

Студенческая жизнь – это чудесное время, время открытий, накопления знаний – яркая и запоминающаяся пора. Это не только период лекций, семинаров и сессии, но также и время возможностей. За время обучения у студентов есть шанс проявить себя в полной мере: раскрыть свои способности в научной сфере или общественной жизни. А как насчет магистрантов?

Уже заканчивается первый семестр 2022-23 учебного года, все обучающиеся вуза и преподаватели в ожидании сессии. И если сейчас, возможно, еще рано подводить общие итоги обучения, то первые впечатления об учебе уже сложились.

Мы поговорили с магистрантами 1 курса различных образовательных программ ЗКУ имени М.Утемисова, задав им такие вопросы, как: почему вы решили поступать в магистратуру? Какие у вас впечатления от обучения в магистратуре? Отличается ли магистратура от бакалавриата? Самые яркие ответы предоставлены ниже.



«Магистратура для меня является дверью в науку. Магистратура даёт возможность войти в когорту учёных. Мне нравится учиться в магистратуре: каждый день узнаёшь всё больше и больше, при этом, своими мыслями можно поделиться с профессорами или такими же молодыми учёными, как и ты. В магистратуре есть много путей для раскрытия своего потенциала: можно участвовать в различных конференциях, грантах и открытых кружках. Отличие от бакалавриата: в магистратуре меняется твой статус».

Құрматов Алдияр,
21 год. Ист-11-1.

«Поступила в магистратуру в ЗКУ им.М.Утемисова, так как видела необходимость роста, развития. Речь не о саморазвитии, а именно о профессиональном становлении как специалиста. Сомнений не было, в какой университет поступать, потому что в ЗКУ сильный профессорско-преподавательский состав, где, я была уверена, мне помогут. И ожидания оправдались: учиться нравится, оказывается всесторонняя поддержка, чувствуется лояльность. Не скажу, что обучение даётся сложнее, чем в бакалавриате. Главное – приложить максимум усилий, вовремя выполнять все задания и не подводить себя».

Суворова Вероника,
25 лет. МРЯЛ-12.



«В магистратуру я поступила осознанно: выбрала свою специальность, как говорится, душой и сердцем. Чем для меня отличается магистратура от бакалавриата? Если при выборе специальности при поступлении в бакалавриат, мы можем поддаваться эмоциям, в силу своего возраста, и прийти не в совсем понятную специальность, то в магистратуру приходим уже с небольшим опытом, достаточными знаниями и осмысленным выбором. В магистратуре есть возможность более «глубоко» изучить свою профессию, специальность. Со статусом «магистранта» уже чувствуешь большую ответственность. Магистратура дает мне возможность углубленно изучать свою специальность, участвовать в научных исследованиях, принимать участие в республиканских и международных конференциях.

Большую поддержку получаю и от кафедры: преподаватели, всегда идут навстречу и подскажут, помогут в нужных ситуациях, хотя работы у самих педагогов не мало. Пользуясь случаем, хочу сказать спасибо своей кафедре педагогики и психологии и пожелать успехов и развития! Могу с уверенностью сказать, что не жалею, что выбрала данный вуз и данную специальность».

Бисенова Майра,
МП-11-1.

«Поступив в вуз, я уже тогда знала, что буду продолжать обучение в магистратуре. Причин много: получить высшее образование, стать квалифицированным специалистом в своей области (биология), углубить свои знания по специальности, обменяться опытом с кандидатами и докторами наук, а также и с другими молодыми учеными и специалистами, пройти научно-исследовательскую стажировку в ведущих вузах, участвовать в международных конференциях и многое другое. Магистратура открывает перед нами большие возможности, прежде всего это необходимая ступень для поступления в докторантуру. Да, здесь учиться немного сложнее, чем на бакалавра, но к этому быстро привыкаешь и начинаешь получать удовольствие от процесса».

Орлова Мария,
21 год. МБ-11-1 Биология




«Мне всегда нравилось учиться. После окончания бакалавриата в 2022 году, я думала о продолжении учебы. Решила для начала попробовать поступить: если бы не получилось, то нашла бы работу. Другого варианта у меня не было. Я сдала комплексное тестирование, где смогла набрать нужное количество баллов для того, чтобы претендовать на грант. И один образовательный грант достался мне! Учеба в магистратуре мне нравится, особых отличий от бакалавриата, на мой взгляд, нет: также идут лекции, практические занятия и самостоятельные работы. Но уже не просто студента, а магистрант! Я не жалею,

что поступила в магистратуру, ведь для меня откроются еще больше дверей в моей профессиональной карьере».

Чапурина Анна,
22 года. МПИМНО-11-1 «Педагогика и методика начального обучения».

«Еще в прошлом году поставил перед собой задачу поступить в магистратуру. Первая попытка оказалась неудачной, но к этому я был готов, так как у меня первая попытка была пробной. Хотел понять, что из себя представляет тестирование. После получения опыта первого теста – мне уже было ясно, как готовиться к тесту в следующем году. Результат второго тестирования оказался отличным. Еще более отличной новостью стало то, что мне выдается возможность учиться бесплатно по гранту. Учебный процесс мне очень нравится. Чем-то напоминает времена моего обучения в бакалавриате, только времени свободного больше, чтобы мы могли заниматься нашими исследованиями. За это время успел поучаствовать в мероприятии на тему инклюзивных технологий образования в качестве спикера, где поделился своим опытом применения специальных технологий в деле доступности образования для людей с нарушением зрения. В целом учеба в магистратуре мне нравится, познакомился с новыми людьми и с их научными идеями».

Жумагазиев Арман,
МИСТР 11-1



Ещё с первого курса бакалавриата я решила, что буду поступать в магистратуру. Мне нравится изучать историю, поэтому других вариантов специальностей я не рассматривала. Я набрала хорошие баллы, и поступила на грант, чем очень горжусь! Учеба в целом не отличается от бакалавриата – только стала занимать больше времени и усилий. Сейчас я большую часть времени отдаю университету и написанию диссертации, мне как историку нужно работать ещё в музеях и архивах. Я не жалею, что поступила в магистратуру, так как планирую работать в университете и заниматься научной деятельностью. Профессорско-преподавательский состав немного отличается от бакалавриата тем, что нам в основном преподают профессора. Я искренне люблю свой истфак и планирую в нем работать».

Скородорова Василиса,
23 года. Ист-11-1 «История».

«После получения диплома бакалавра мною была поставлена четкая цель – дальнейшее поступление на магистратуру. Это желание было обосновано целым рядом факторов, но прежде всего тем, что получение диплома об окончании магистратуры открывает для любого специалиста новые границы и потенциальную возможность получения руководящей должности, что очень ценно для молодого специалиста. Таким образом, в данный момент являясь студентом первого курса магистратуры по специальности «Экономика», я могу выделить несколько положительных моментов: высокий профессионализм преподавателей; гибкая форма обучения, грамотно совмещающая в себе теоретические и практические занятия; дружный и разнообразный студенческий коллектив, создающий благоприятную обстановку для продуктивного обучения. В целом, учеба на магистратуре мало чем отличается от бакалавриата, качество получаемого образования находится на одинаково хорошем уровне и больше зависит от личных стараний учащегося, однако на данный момент проходимый мною этап магистерского обучения нравится больше».

Курмашов Арыстан,
МЭ-12

Это были лишь некоторые ответы магистрантов. Однако, побеседовав с большим количеством учащихся в магистратуре, можно сложить общую картину. Итак, чем же интересна магистратура? Во-первых, к выбору специальности в магистратуре относятся намного серьезнее, ведь все учащиеся уже достаточно разобрались в своих профессиональных притязаниях. Во-вторых, не только в одном потоке, но и в группе могут быть магистранты разного возраста. Например, при беседе с магистрантами одной специальности, нам встретился диапазон от 21 года до 53 лет! Поэтому, думается, это отличная возможность для обмена опытом, как профессиональным, так и просто жизненным. В-третьих, слово «магистр» придаёт статусность любому человеку, особенно молодому специалисту. Многие магистранты подмечают, что преподаватели общаются с ними уже как с коллегами, даже, несмотря на то, что некоторые из них еще «вчерашние студенты». Кто-то поступает сразу после окончания университетского бакалавриата, а кто-то – только спустя годы, однако у них всех одна общая цель – стать настоящими профессионалами в своей области, углубив знания или узнав что-то новое.

Жанна АВТАЕВА



ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Қарттарын қадірлеген ел ардақты

7-қарашада ISTFAK FAMILY Volunteers сан қилы тағдырлар тоғысқан қарттар үйінде «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты қайырымдылық концертін ұйымдастырды.



Рамазанова Ақгүл мен Рашидов Алишердің жетекшілігіндегі 1-курс белсенділері жоғарғы деңгейде ат салысты. Тағдырлары бір арнада тоғысқан, көңілдерінде кірбің, көздерінде мұң жатқан жандарға бірнеше сағатқа болса да қуаныш, шат-шадыман көңіл-күй сыйлай білген волонтерларымыз ардақты жандарымыздың алғысын, құрметті қарияларымыздың ақ батасын алып қайтты. Концертте би де биленді, ән де шырқалды. Іс-шара өз деңгейінде өтіп, студенттеріміз үлкен ой түйіп оралды.

«Жомарт жүрек»

Жуырда ISTFAK FAMILY Volunteers «Жомарт жүрек» қайырымдылық шарасын жүргізді. Қар жауып, күн суытуы көпшілігімізге әдемі көрініс болса, көшедегі жұмысшыларға кезекті бір шаруа. Сол жандарға жүректеріне жылу, көңілдеріне күлкі сыйлау мақсатында ыстық бауырсақ пен дәмді шәй



таратылды. Бұл шара көмекке мұқтаж, көшелерді паналаған жандарды да назарынан тыс қалдырмады. Адал еңбекпен нанын тауып жүрген және өмірінің қара жолақты кезеңін өткеріп жатқан жандардың жүзіне сәл де болса күлкі ұялата білген ISTFAK Family Volunteersқа жетекшілері – Рамазанова Ақгүл, Рашидов Алишер, Липнау Кристина.

Биыл елімізде ұлт ұстазы, талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы атап өтілуде. Осы орайда Тарих, экономика және құқық факультетінде 21 қараша күні Дүниежүзілік тарих және саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының Айгерім Жалғасовнаның жетекшілігіндегі «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану» мамандығының 2-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Ұстаз. Ғалым. Қайраткер» атты әдеби-танымдық кеш ұйымдастырылды.

Ұлы тұлға

Шара барысында А.Байтұрсынұлы туралы мәліметтер топтастырылған презентация, өмірбаяны жөнінде қала тұрғындарымен түсірілген әлеуметтік эксперимент, танымдық маңызы зор ойын өткізілді. Шара соңында сөз кезегі құрметті қонағымыз Алтынай Шугаевнаға берілді. Алдағы уақытта Алаш зиялылары, қазақ елінің еңсесін биіктеткен ұлы қайраткерлеріміз туралы әдеби шаралар көптеп өткізіледі деген үміттеміз.

Өр рухты МАХАМБЕТ

Университетіміздің 90 жылдық мерейтойына орай 15-қараша күні ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. М.Г.Дюсенғалиева және оқытушы, магистр Г.Ю.Айбекова 2,3-курстар арасында «Өр рухты Махамбет» атты поэзиялық кеш ұйымдастырған болатын.

Шара барысында 2,3-курс студенттері Махамбет батырдың жырларын мәнерлеп оқып, команда бойынша жарыс ұйымдастырып, ақынның өмірбаяны мен шығармалары бойынша викториналық сұрақтар қойылды. Өділқазылардың шешімімен 1-орын «Болашақ» тобына, 2-орын «Ұлы Арман», ал 3-орын «Мұнайшы» тобына бұйырды. Шара қазақ халқының көрнекті ақынының өміріне және шығармашылығына шолу жасалып, жастардың өр рухының күшеюіне зор септігін тигізді.



БОЙ ЕМЕС, ОЙ ЖАРЫСТЫРАТЫН ЗАМАН

14-қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінде Студенттік деканаттың белсенді ұйымының ұйымдастыруымен бұрын-соңды болмаған интеллектуалды ойын өткізілді.

Неліктен бұрын-соңды болмаған? Себебі, қаламыздың ең-ең үздік деген мектептерінен ең ерекше білімді жандар қонаққа шақырылды. Шара дарынды студенттер мен талапты оқушылар арасындағы талас-тартыспен қызықтырақ бола түсті. 125 High School, С.Сейфуллин атындағы 11-мектеп, Білім-инновация мектебі, Назарбаев атындағы зияткерлік мектептен келген білімдар талапкерлерімізге белсенді ат салысқандары үшін, шара соңында өз әсерлерімен бөлісіп, кері байланысқа түскендері үшін алғысымыз шексіз. Алда осындай ақыл мен білімді арттыратын, ой қозғайтын ойындар Батырғали Риза, Тұрғали Райымбектің жетекшілігіндегі «IQ ISTFAK» мықтыларының ұйымдастыруымен көбірек өткізу жоспарда.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Төлеу Аяулым





ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Республика күні - ұлттық мереке

Республика күніне орай физика-математика факультетінің студенттері арасында «Республика күні: жаңғырған мейрам және әлемдік үрдіс» атты іс-шара оздырылды. Бұл шараның мақсаты - Қазақстан Республикасы күні мерейтойы қарсаңында оқушылардың мектепте меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан - жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын арттыру.

Ұлттық мерекеміздің мәңгі болуына адал қызмет ететін, білімді де жан-жақты дамыған, интеллекті жоғары, батыл текті, намысты ұрпақ, шынайы патриоттар тәрбиелеу; Өз Отанын сүйуге, туған елінің тарихын, зиялы тұлғаларын тануға шақыру.

Іс-шара барысында төрт кезеңнен тұратын ойындар ойнатылды:

I кезең «Кім жылдам?» логикалық сұрақтар;

II кезең «Суреттер сыр шертеді тереңінен»;

III кезең «Тарихым - алтын діңгегім» тарих бағытынан сұрақтар;

IV кезең «Кім мықты?» топ басшылар сайысы.

Ойынға математика және математика-физика топтары қатысып бақ сынасып, үздік ойын көрсетті. Сонымен қатар дүниежүзі тарихы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы Гайсина Мақпал Батыргалиевнаға сөз кезегі беріліп, ұтымды пікір айтылды. Бұл студенттерімізді жаңа жаңалықтардан хабардар етті. Түрлі қызықты ойындар ойнатылып,



тарихи оқиғаларды еске түсіріп, қазақ халқы үшін еңбек еткен тұлғалардың ерлігі баяндалып, тарихқа шолу жасалды. Шара барысында ұлттық мерекенің тарихына да көз жүгіртілді. Тарихты айтып таласа жауап берген студенттер керемет ойын көрсетті.

*Диана Тілектесова,
МФ-11 тобының студенті*

«The golden couple - 2022»

4 қараша күні Физика - Математика және География факультеттерінің бірлесуімен «The Golden Couple 2022» атты күзгі балл көші өткен болатын. Мақсаты - студенттерді сабақтан тыс шараларға белсене қатыстыра отыра, өнер мен білімді қатар алып жүруге дағдыландыру және студент уақытын көңілді және тиімді өткізу. Сонымен қатар студенттер арасында достық қарым-қатынас орнату.



Әрбір факультеттен іріктелген 5 адам шығып 5 жұп құрады, әрбір команда қатысушылары берілген тапсырмаларды үздік орындап күзгі балдың алтын жұбы болу үшін бақ сынасқан болатын. Жұптарға тоқтала кетер болсақ: «Рататуй» жұбы - Нұрсұлтан және Жасмина, «Гадкий Я» жұбы - Абылай және Дана, «Труп невесты» жұбы - Айым және Мейіржан, «Рапунцель» жұбы - Махаббат және Қыдырәлі, «Золушка» жұбы - Аяжан және Жасқырнан құралған болатын. Бұл кештің ең бір ерекше тұсы жұптардың

өз топтарының атына сай мультфильм үзіндісін өз нұсқасында көрсету еді. Қатысушы топтар өздерінің алдына қойған мақсаттарына жете алды.

ТЕАТР - мәдениет пен өнер ордасы

“Театр — сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі”, - деп М.Әуезов айтқандай ол адам жанын рухани байытып, жанға азық берер бірден-бір орын.



2 қазан күні Махамбет университетінің 1-курс студенттері Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрына барды. Махамбет қойылымын тамашалап керемет әсер алған студенттер театр ұжымына ыстық ықыластарын білдірді. Бұл қойылымды тамашалаған көрермен ретінде қойылымынан керемет әсер алдым деп толықтай айта аламын. Қойылым еліміздегі үздік театрлар деңгейінде болды. Актёрлер өздеріне берілген рөлдерін жоғары деңгейде сомдады деп білемін. Студенттер үшін осындай шараларды ұйымдастырып отырған университет ұжымына үлкен алғыс білдіремін.

*Айсезім АДІЛХАНОВА,
ИР-11 тобының студенті*

Қызыққа толы өткен бұл шара көрермен көңілін көтеріп, көпшілікке керемет әсер қалдырды. Сайыс қорытындысы бойынша «Рататуй» тобы «Эйнштейннің немерелері», «Гадкий Я» тобы «Көрермен кезайымы», «Труп невесты» тобы «Үздік фильм», «Золушка» тобы «Фотогеничная пара» номинацияларымен марапатталды. Ал кештің бас жүлдесін Құрманғазы Махаббат пен Дурдыбаев Қыдырәліден құралған «Рапунцель» тобы ұтып алып, кештің «Алтын жұбы» атанды.

Менің құқығым, менің борышым

15 қараша күні Информатика кафедрасында 3-курс студенттері дайындаған «Менің құқығым, менің міндетім» атты кураторлық сағат өткізілді. Шараға кафедралық оқытушылары Торғын Мендигуловна, Гульжихан Абулхановна және факультетіміздің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Жанна Сагинтаевна, «Құқықтану пәндер» кафедрасының оқытушысы, 30 жыл жұмыс өтілі бар, отставкаға шыққан подполковник Қазиев Тайман Исмагулович қатысты.

Кураторлық сағатты топ кураторы, оқытушы, магистр Б.С.Насырова дайындаған шағын баяндамамен бастады. Баяндама «Студенттер педагогикалық, информатика, инженер-технолог саласында оқығанымен әркім өз құқықтары мен міндеттерін білу керек» деген сөздермен басталды. Баяндамада құқық, Конституция, конвенция, азамат, жеке тұлға сияқты ұғымдарға тоқталып өтті. Баяндама соңында «Адам құқығы дегеніміз не? Өз құқығыңды білесің бе?» сұрақтары тереңірек талқыланды. Шараның келесі сөз кезегі құрметті қонаққа берілді. «Адамның негізгі құқығы мен бостандығын тану және оны сақтай білу-ол, әр мемлекетте және бүкіл әлемдік шеңберде қауіпсіздік пен бірқалыпты тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Конституцияда, мемлекеттің негізгі заңдарында және халықаралық нормаларда адамның негізгі іргелі құқықтары және бостандықтары бекітілген. ҚР Конституциясының II бөлімінде: “Адам және азамат” 10-баптан бастап 39-бапқа дейін адамның және ҚР азаматтарының құқықтары туралы толық айтылған. “ҚР Азаматтығы туралы” ҚР Заңы, 11.07.2017ж., I тараудың, 1-бабында “Азамат және мемлекет” адам құқығын сақтау туралы айтылған.

Онда мемлекет органдары және оның лауазымды тұлғалары азаматтардың алдында жауапты екені және республика азаматтарының ҚР алдында жауапты екені айтылған. Адам міндетті түрде белгілі бір мемлекеттің азаматы болуы керек», - деген сөздермен бастаған Тайман Исмагулович өз тәжірибесінде кездесетін жастар арасында бұзақылық, ішімдікке салыну жағдайларының алдын алу шараларын айта кетті. Заң тұрғысынан көрсетілген барлық ақпараттарды оқып әркім өз құқығын білуге, өз-өзін заң алдында қорғауға, заң барлық адамға тең берілетіндіктен заңға бағынуға шақырды. Алда келе жатырған сайлауға байланысты ақпараттар беріліп, дауыс беру әр адамзаттың, әр ҚР-ның азамат/азаматшаның міндеті екенін шегелеп айтты.

Топ студенттеріміздің арасында Әскери кафедрада білім алып отырған студенттеріміз де бар болатын. Келесі сөз кезегі сол студенттерімізге берілді. ИС-31 топ студенті Хайрашев Данияр, ВТИПО-31 топ студенттері Мэлс



Нурдаулет және Тілеуғазы Батырхан, И-31 топ студенті Жолдасбеков Нурдаулет өз ойларымен бөлісті.

Кураторлық сағатты факультетіміздің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Иксебаева Жанна Сагинтаевна қорытындылап, студенттердің өз құқық, міндеттерін біліп жүру керектігін айтты.

Информатика кафедрасы

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Утепбергенова Гүлжауар



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

“Талант” қайта оралды

Достық пен өнердің қосындысына айналған “Талант-2022” жобасы екі жылдық үзілістен соң қайта оралды. Факультетіміздегі бұл шара дәстүр бойынша көздерінен от жанған 1-курс студенттері арасында өткізілді. Биылғы оқу жылында факультетімізге қабылданған студент жастарымызды екі топқа бөлу арқылы әр топтың үздік ұйымдастырылған концерттік шараларын тамашаладық.

«Өнер өзен» және «Уақыт ізі» деп аталған екі топтың үздік өнерлері жұрт назарын әп-сәтте аударды. Бойларындағы дарындарын көрсеткен әр студенттің бейнесі көптің есінде қалғаны сөзсіз. 21 номинация бойынша студенттеріміз өзара бақ

сынасты. Өнерлерін ерекше көрсете білген дарындыларымыз “үздік” номинацияларға ие болды. Жалпы есепте өзара ерекшеленген «Dark Star» тобы “Үздік топ-Талант-2022” аталымына лайықты деп танылды.

Жастардың талантын көрсетіп қана



қоймай, достықтың қалыптасуына мүмкіндік беретін бұл жоба әлі де өз жалғасын табады. Ең басты мақсат - студенттер арасындағы достық пен өнердің белгілі деңгейін қалыптастыру. Ал жеңіске жеткен студенттерімізді құттықтаймыз!

Ел бейнесі

Зардап шектім...

Азапты күн арпалыстар өтуде
Күн санаймын жақсы күнге жетуге.
Қиын күнді басыма кеп, түнерткен
Қарғыс жаусын қастық
қылған бетенге.

Атом буы тарады кең далаға
Зардап шекті үлкен-кіші, бала да.
Жылаған жас сәбидің даусы әлі
Жаңғырып тұр мына жарқын санада.

Жара түсті жүрекке де кеудеге
Бола ма екен бұл күнді өзі күн деуге.
Жарым көзбен мына мені қалдырған
Опасызға аузым бармайды сөйлеуге.

Менен сорлы бар ма сірә дәл қазір
Жер құшуға бейбақ сорлы қыз әзір.
Бірақ мына соққан жүрек кеудемде
Өшіңді алмай өлме дейді дәл қазір.

Көзім мөлдір жасқа мынау толып тұр
Жазылар ма деген сәуле үміт бұл.
Төнге біткен жарақатым жазылар
Көңілім жүр өкініштен жазып жыр.

Бітсін деймін бұл қасірет елдегі
Бітсін деймін жара мынау мендегі.
Тыныштық пен бейбіт күнді күтетін
Барша халық жарқырасын жердегі.

Зада Бақтығали,

“Талант-2022” байқауының

“Үздік ақын” номинациясының иегері

Әлемнің ән падишасы



Роза Тәжібайқызының шығармашылығын келер ұрпаққа жалғастыру, ән арқылы елдің рухын биіктетіп, ән өнерін дамыту, жас талантты орындаушылардың жаңа есімдерін таныту, оларға үлкен сахналарға жол ашуға

ықпал ету мақсатында жүзеге асырылған шараға 1-4 курс студенттері қатысып, бой көрсетті. Байқауға Еркін Бекмұратұлы Өтегенов, факультетіміздің құрметті оқытушылары Жұмағаным Әбілхалықызы

КСРО мен Қазақстанның халық әртісі, Халық қаһарманы, опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев майдан даласында ән салған Роза Бағланова күні бүгінге дейін еліміздегі және шетелдегі ән сүйер қауымға кеңінен танымал тұлға екендігін, оның есімін мәңгі сақтау үшін шаралар ұйымдастыруды тапсырған болатын.

10 қараша күні Мәдениет және өнер факультетінде күміс көмей әнші Роза Бағланованың репертуарындағы әндерін орындаушылардың 1-ші факультетшілік “Әлемнің ән падишасы” ән байқауы ұйымдастырылды.

Рахимова, Қанатқали Камоқұлы Қожақов, Қисметов Қуаныш Лабибұлы қатысып, әділ төрелік етті. Сонымен қатар “Зерде-память” қоғамдық қорының төрағасы, қоғам қайраткері, шарамыздың құрметті қонағы Қуанышбай Төлебайұлы Төлебайев келіп сәттілік тіледі.

Жоғары деңгейде өткен байқау

қортындысы бойынша арнайы жүлде иегері Ахматова Мадина атанса, 3-орын иегерлері Елдесбаева Аяулым, Ғұмарова Гүлназ, Дүйсенғұлов Арман, Иманғалиева Меңдігүл, 2-орын иегерлері Ануарова Айнамкөз және Оразбек Ақбота болды. Ал 1-орынды Мусина Асем мен Ажмуратов Әлихан қанжығаларына байлады.



Әр елдің салты басқа...

Әлемде қаншама ұлт бар. Әр халықтың өзіндік салты мен дәстүрі қалыптасқан. Осыған орай Хореография және Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері Р.С.Абуованың жетекшілігімен “МТЖ халықтық дәстүрлері” пәні бойынша өзіндік жұмыстарын орындады. Шара “Орыс халқы” тақырыбы бойынша жүзеге асырылды.

Шара барысында славян халқының мәдениеті, дәстүрі, тілі жайында сөз қозғалып, қызықты мәліметтер айтылды. Қыздар “Калинка” биін билеп, ұлттық ойынын ойнатып, әндерін орындады. Сонымен қатар қонақтарға орыс халқының дәстүрлі ас мәзірлері жайында әңгіме өрбітіліп, “куличи”, “варенье”, “соленье”, “бублики” тағамдары қойылып, орыстың самаурынынан шөй ұсынылды.

Тапқыр да ізденімпаз студенттер осы іс-шара арқылы ұлттар мен ұлыстардың достығын насихаттауда. “Орыс халқы” тақырыбындағы студенттердің өзіндік жұмысы толықтай орындалып, шақырылған қонақтар мен көрермендердің оң бағасын алды.

“Мұрагердің”

мұрагерлерінен мұралар

Мәдениет және өнер факультетінде “Мұрагер” студенттік театры жұмыс істейтіні белгілі. Қараша айында да бұл ұйым өзінің жұмысын тоқтатпай, қойылымдарын қоюды жалғастырды. Жетекшілік еткен Исакова Индира Идиятовнамен студенттер көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады.

Қараша айында көрерменге жол тартқан қойылымдардың бірінің режиссері “Режиссура” мамандығының 5-курс студенті Тасболатов Айдос болды. Айдостың бастамасымен қоғамдық мәселені, бір үйдің кейіпкерлерін суреттейтін “Түйетауық және Домино” атты қойылымы халыққа жете білді. Ал Джеймс Гринвудтың “Өгей бала” қойылымын сахналауда режиссерлық қызметті А.Ж.Асқарова атқарды. Жетім баланың басынан кешкен қиындықтары сахнада әдемі орын алып, көпшіліктің көңіліне жеткендей әсер қалдырды.

Шеберліктері дами түскен студенттерімізге ізденістегі жұмыстарыңыздың сәтті болуын тілейміз. Көрерменге ұсынар ұтымды, көркем шығармаларыңыз көп болсын. Студенттік театр ұжымына қолдау білдірген көрерменге алғысымыз шексіз.



БЕТ РЕДАКТОРЫ: Зада Бақтығали



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

Жайыққа құйылған ән - Еділ

Қараша айының 10-жұлдызында Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығының ұйымдастырған «Жайыққа құйылған ән - Еділ» атты әнші-композитор Донедел Қажымовпен кездесу кешіне жаратылыстану-география факультетінен Б-11, Бг-21, Хим-11, Хим-23 топ студенттері мен куратор А.У.Таубаева көрермен болып тамашалап қайтты.



Алыс-жақын жерлерге танымал өнер қайраткері, жерлес сазгер ағамыз Донедел Қажымовтың мерейлі 70 жасына арналған кездесу кеші өте тамаша өтті. Студенттерге тәлім-тәрбие берген, рухани дүниенің жаңғыруына өзінше үлес қосқан тамаша шара болды. Әрбір шырқалған әнмен, олардың жазылуына себепкер болған өмірдің белестерінен сыр шерткен мерей той иесі мен республикаға танымал өнер адамдарының лебіздері мен еске алулары, айтқан тілектері жастардың жүректеріне жетті.

Кеш соңында орындалған «Ақ Жайығым-айдай ару мекенім» әнін залмен қоса біздің студенттеріміз де қосыла шырқап, туған жері мен еліне деген құрмет сезімдерін көрсетті. Өз кезегінде сазгер де студенттерге ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Махамбет Өтемісұлы – өр рухты ақын

Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры болады. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастаса, қайсыбір жұмыр басты пенденің болсын өресі жетпес ерен ерлікке, кемел кісілікке бастары хақ. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Ал, осы екі қас қасиет те бір басына сыйып, бағына біткен қазақ елінің асылы, ақберен ақыны - Махамбет Өтемісұлы.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да жарық отты өмірін жан-тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшын, қалам құдіретін шебер ұштастырды.

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбетті білмейтін қазақ жоқ. Бірақ, бұл оның адами болмысы мен айбалта-жырын көзге елестетіп, тілге оралтумен шектелмейді. Бейбіт

заманда өмір сүріп жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегін кескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын таптатқан, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр.

Махамбеттей тұлғаның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп дәріптеу керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамyzдың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың

Тіл - халық жанын танудың кілті

Тіл - адамзатқа берілген тылсым құдірет пен күш. Сондай-ақ, адам жанының құлыпын ашатын кілтпен іспеттес. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттың жан дүниесі мен ашық болмысы. Біздің осындай ұлттық мұра сыйымыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл-адамның жай-күйінің басты сипаты. Әрбір адам келесі бір адаммен сөйлескен кезде тілді көмекші құрал ретінде қолданады. Ал әдеби, жылы сөздер адамның жауабына бір серпінін тигізеді. Не дегенмен халқымыз қашанда сөздің адамдар арасындағы атқаратын қызметіне, сөйлеудің нарқына және қай жерде қалай сөйлеуге айрықша мән берген. «Таяқ - еттен өтеді, сөз - сүйектен өтеді», «Жанды жаралайтын да - сөз, емдейтін де - сөз», «Жақсы сөз – жан азығы», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» – деген сияқты мақалдар сөз құдіретінің ажыратушы және біріктіруші күш екенін, сөйлей білудің орасан зор маңызын танытады. Мұның барлығы ата-бабадан қалған асыл сөздер. Ерте кезден бері ата-бабаларымыз адамның көңілінен шығу үшін абайлап, сыпайы сөйлеуді басты мүдделеріне қойған.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, біз, өскелең ұрпақ, өзге тілді білу, үйрену арқылы өз тілімізді әлемдік аренаға шығаруды алдағы арман-мақсатқа қойғанымыз жөн. Себебі, халқымыздың тарихы, білімі, келбеті – тілмен байланысты. Тіл-өсіп тұрған гүлмен іспеттес. Гүлді суармасаң қурап, өз тіршілігін жояды. Сол секілді тіл де дамымай қалатын болса, өз мәртебесінен айырылады. Өз анна тіліміз қазақ тілін бар күш-жігерімізді салып құрметтеп, алға қарай дамытайық!

Амина АҚБЕРЛИЕВА,
БГ-11 тобының студенті

аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Гүлбибі ДАБЫЛОВА,
ХБ-21 тобының студенті

Мен таңдаған мамандық

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: “Жарқын болашақ жастардың қолында” дегендей, біздің болашағымыз өз қолымызда.

Мектеп бітірер алдында жаңа өмірге қанат қақпалы отырған әрбір жас түлектің ойында бір ғана сауал болары сөзсіз. Ол «Мен кім боламын?» Расында да мені де жаңа өмір баспалдағына қадам басар алдында осындай сауал мазалаған болатын.

Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Менің мамандығым – **мұғалім**. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала күнімнен армандадым. Адам баласына көмектесу – игілікті істердің бастамасы. Бұл мамандықты таңдауға ең бірінші себепші болған ата-анам болды. Ата-анам ұстаз

болғандықтан бұл мамандықтың қиын тұстарын біле тұра өзімді тек осы саламен байланыстыруды жөн көрдім.

Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны аяулы ұстаздар емес пе? Иә, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақындар да, тегеуріне темір балқытқан жұмысшы да, егін еккен дихан да, мал бағып терін төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан білім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай атамyzдың сөзін өзінің өмір қағидасы еткен ұстаз әрдайым құрметті. Ол өзінің бойындағы бар аталық мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады. Яғни, адамға жылу нұрын шашатын күн болса, ұрпаққа білім нұрын себетін ұстаз екені баршамызға мәлім. Өзімді осы маман иесі болғаным үшін мақтан етемін.

Гүлбақыт ЖОЛДЫБАЕВА,
ХБ-21 тобының студенті

Қараша айының 25-і күні «СПИД – ХХІ ғасыр індеті» атты шара өткізілді. Шараның мақсаты - адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру; Салауатты өмір салтын қалыптастыру; Оқушыларды жаман едеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

«СПИД – ХХІ ғасыр індеті»

Шара басында СПИД туралы ақпараттарға тоқтала кетті. Сонымен қатар «Облыстық СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың» алдын алу бөлімінің маманы Қуанышова Гүлнар Бақытжанқызына сөз кезегі берілді. Кейін СПИД жөнінде сұрақтар қойылды. Шараның соңында деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Камшат Салихиденовна сөз сөйлеп, шараны қорытындылады.



Бет редакторлары: Жолдыбаева Гүлбақыт

Ұстаздар туа пайда болады

Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан

“Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі!” Бұл-Мағжанның сөзі... Біз бәріміз бір арнадан бастау алған өзен сияқтымыз:ол өзеннің арнасы – ұстаз, ал біз-сағасы...

Дүниеде маңдай терің тамған әр істің артында ардың беріктігі, абыройдың биіктігі тұрады. Табанымызға тас батпай адал ас жұтқызбаған ауылымыздың тәрбиесі ырқымызды ылғи адал іске көндіретін. Дәл осы ұстаздық, дәлірек айтқанда, мұғалімдік – ең таза жұмыс. Бұл мамандықтың мақсаты – бойына арамдық, ойына жамандық келе қоймаған бүлдіршін-бозбалаларға әріп үйретіп, сан меңгертіп, ең әрісі ғылымға бой түзету. Осының бәрінің артында қос бірдей тірек: үйренуден жалықпай, үйретуден аянбасам екен деген ең ізгі қос арман жатыр...

Күллі адамзат бір-ақ адамның алдынан өтеді. Ол – Мұғалім! “Ұстаз ісі оңалмай, ұлт оңбайды”. Рас-ақ! Жанарымыз төрт болып, ертеңге үмітпен алыстан көз тастағанда, ертеңімізді тәрбиелеу осы бір аяулы адамдардың қолында екенін ұмыт қалдырып жататын сәттеріміз жиі болады. Шынтуайтында, біздің болашақ деп жүргеніміз – ұстаздық өмір мектебінен тәлім алып, алақанынан келер күнге қанат қағатын өрімталдай жас буын. Сөзсіз мұның да артында мұғалім тұр. Ақ бантигі шашына өрілген ару қыз бен қызыл галстугы мойнына әп-әсем жарасқан ұлдарға сабақ беруге келгенде, дүниедегі күллі мұң бір сәт ұмытылып, ғажайып бір күйге енетінін біз ұстаз жүрегінен артық ешкім түсінбес. Оларға қайғыру жат, дүниенің дүрбелең екендігінен хабарсыздығын қарашық көздері түк жасырмай айтып қояды. Кейін есейген ұл мен бой жеткен қыз айқара жылдарды артқа тастап келіп, алғыстарын айтса-бөлек сезім, бөлек мәртебе, сірә!

Оқушы тәрбиелеу қаншалық қиын болса, адамды тәрбиелеу одан да қиын. Егер дүниедегі ең қиын мамандық адам болу болса, мектеп пен ұстаз оның ең алғашқы сатысын қалайтыны анық. Кейде біз ұстаз қадірін, ұстаздық ұлы қызметтің мән-мағынасын, оның берері мен одан аларымызды жан-дүниемізбен сезінбей жатамыз. Түпсананы ол ой толғантпауы да мүмкін. Бізді “өмір” дейтін бұрқанған дарияға кім дайындағанын, “болашақтың” табалдырығы қайдан бастау алғанын жадымызда ұмыт қалдырамыз. Мен араға ай, апта, тіпті, жылдар салсам да, “ұстаз” ұлағатын естігенде, өзімді әлі күнге дейін шәкірттей сезінемін... Ұстаз болу – кеудеңдегі бір кесек жұмыр етке бүкіл әлемді сыйдыру. Өйткені сол жүрекке, мыңдаған жүрек байланады. Даусызы!

Әрбір шәкірттің шыққан биігі – ұстазының иығында... Шәкірті үшін күймеген ұстаз – ұстаз емес, ұстазын сүймеген шәкірт – шәкірт емес. Біз үшін күйіп-піскен аяулы мамандық иелерін сүю – әманда шәкірттік парызымыз. Өз бойында жоқ болса, ұстаз балаға жоқ нәрсені үйрете алмайды. Жақсы

адамды өз көзімен көрмеген оқушыны жақсы адам етіп тәрбиелеу де мүмкін емес. Мұғалімнің өз басы балаларға тәрбие болған кезде ғана “ұстаз” деген аяулы есім де өз қасиетіне ие болады. Біздің адам атына лайық болуымыз тұлға ретінде қалыптасуымыз – бәрі-бәрі мұғаліммен тікелей байланысты. Мұғалім пәннің маманы емес, өмірдің маманы, өмірдің тамыршысы болуы керек.

Осыдан екі жыл бұрын Бабажанов мектебі қабырғасында мүмкін еместей боп көрінген жүздеген армандарын ақиқатқа айналдырған Нұршат Бұлбұлдың тәрбие мектебінен өтті... Ұстазым дүниенің күңгей беті мен көлеңкелі бетінде сәттілік пен сәтсіздік, жақсылық пен жамандық қатар жүрсе, соның бәріне дайын болуға үйретті. Ең бастысы – адам екенімді, қай топырақтан жаралып, қай кіндіктен таралғанымды, өмірден “кім?” болып өтуім керектігін санама бекітті. Шәкіртінің маңдайына шаң тимесе екен деп шыр-пыр болған ұстаздық махаббатын анық сезіндім. Аяғым жығылып, жерге құлағанда, тіземнің шаңын сұртті. Тауым шағылып, жігерім құм болғанда, еңсемді тіктеді. Жаза бастың деп жазғырған жоқ, дұрыс жасамадың деп сөккен емес. Ол жағымпаздық үшін мақтан сөйлеуден, атақ үшін өзгені пайдаланудан ада еді. Ол санаға ізгіліктің нұрын, білімнің нәрін құйды. Тура бір үлкен өзеннің арнасы сияқты. Мен оның арнасынан бастау алған өзеннің сағасы сияқты тереңге жайылып кете бердім... Өмірдің аумалы-төкпелі шақтарында адамдығым мені пендешіліктен арашалап қалса, оған бірден-бір себеп – менің аяулы ұстазым Бұлбұл Құбайқызының нақ өзі.

Ұстаз болу – ең әуелі өз ұрпағыңа рухани инвестиция құю! Ойлағаны басқа, мақсаты даңқтың көгі, есіл-дерті байлық пен есеп болған адамнан мұғалім шықпайды. Мұғалімге қойылатын талап біреу-ақ, ол – баланы тәрбиелеу. Нағыз ұлттық мектептегі тәрбие: әр баланың табиғатын түсініп, болмысын сыйлау, жанын байытып, рухын тасыту, жақсылығын асырып, жақсы адам болуға тәрбиелеу. Оқушыларға бәрінен бұрын “адам” болуды үйрету қажет. Біздің тәліміміз білімді, бірақ қатыгез, оқығаны бар, алайда есалаңдыққа машықтанған ұрпақты өсірмеуі керек. Оқу, хат тану және арифметика балаларды адамгершілікке баулыған кезде ғана маңызды. Иә, диплом алғанның бәрі педагог емес. Ұстаз болуға туа жаралу керек...

Нұршат ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ,
ҚТӘ-35-топ студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы)

Жаңа Қазақстан

Менің арманымдағы Қазақстан

Эссе

*Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам бол,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.*

Міржақып Дулатұлы

Тәуелсіз Қазақстан. Менің кіндік қаным тамған алтын бесігім. Ата-бабамыздың батырлығымен, өрлігімен келген тәуелсіз құт мекенім. Осынау әркімге бұйыра бермейтін бақытты қолымызда аялап ұстағанға не жетсін! Бүгінде ел тәуелсіздігінің келешегі үшін, елімнің өсіп-өркендеуі үшін, нығаюы үшін әр қазақтың ұлт ретінде бірлігі ауадай аса қажет. Бірлігіміз мықты болса, ел дамуы да орасан болмақ. Қаншама қиын кезеңді бастан кешсек те, елдігімізді жоғалтпай, тәуелсіздігімізді қолдан шығармай, ұлттық болмысымызды ескере бүгінгі күнге жеткеніміз бір бөлек те, ендігі кезекте аяғына нық тұрған, іргелі өзге елдермен терезесі тең, дамыған 30 елдің қатарынан ойып тұрып орын алған жаңа Қазақстанды құру бір бөлек мәселе. Алдыңғысы – біздің ата-бабаларымыздың парызы десек, ендігісі – келешегіміз алдындағы бүгінгі жаңа ұрпақ парызы. Ендігі міндет – берілген аманатты сол қалпы жеткізіп қана қоймай, заманның көшіне ілесіп, жан-жақты дамыған өркениетті мемлекет қалыптастыру. Бұл – бір күннің не бір жылдың ісі емес, не бір адамның қолында да тұрған жоқ. Ол – тұтас ұлт ұрпағының мойнына артылған жүк. Сол себепті әрбір патриот «жаңа Қазақстанды қалыптастыру үшін не істей

аламын?» деген сауалға ойлануы қажет.

Менің арманымдағы Қазақстан қандай ел? Бұл сауалдың жауабын өзімше өрер едім. Менің елім – бақытты Қазақстан. Бақытты Қазақстан жасау үшін еліміз әр бағытта дамуы қажет. Бұл орайда, біріншіден, менің арманымдағы Қазақстан – өзіндік менталитетін жоғалтпаған Қазақстан. Ол үшін, әлбетте, тілімізден бастау керек. Қастерлі тіліміздің мәртебесін түсірмеу, тіліміздің бұзылуына, жойылуына жол бермеу қажет. Нақтылап айтқанда, таза қазақ тілінде сауатты сөйлеу, келер ұрпақтың бойында тілге сүйіспеншілікті мықтап бекіту. Ол әрбір тұлғаның қолынан келетін қарапайым іс-әрекет, яғни, күнделікті өмірде қазақ тілінің өркез қолданыста болуын саналы тұрғыда ескеруіміз басты шарт.

Екіншіден, бүгінгі жаңа ұрпағы ешкімнен ығыспайтын, *алдына мақсат қоя алатын, кез-келген арманына қол жеткізе алатын, әлемнің кез келген жерінде білім ала алатын, өз елін мақтанышпен айтатын еркін Қазақстан*. Бұл ретте, ең алдымен, білім керек. Білімді адам ештеңеден сескенбей, еркін өмір сүреді. «Білімсіздің күні қараң» деп Абай атамыз айтқандай, қазақ қараңғыда қалмауы керек, білім арқылы жарыққа шығуы тиіс.

Үшіншіден, халқы бақуатты, өмірге риза бақытты Қазақстан. Халықтың жағдайы жақсы болса, мемлекет те қарқынды дамиды. Себебі - халық мемлекеттің негізі, мемлекеттің деңгейі халық арқылы көрінеді. Сол себепті ауыз су, тұрғын үй, балабақша, жол, жалақы сынды әлеуметтік мәселелер біржолата шешілуі тиіс. Халық мемлекетке, мемлекет халыққа қызмет етіп, бірлесе еңбек етсе ғана еліміз алға дамиды.

Төртіншіден, жастардың сөзін еститін, жастарға жол беретін жаңашыл Қазақстан. Мемлекеттің негізгі

КІТАПҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫҢЫЗ БОЛМАСА

Жақында Орал қаласында Аманат Жайық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Исламтанушы, Нұр-Мүбәрек университетінің ұстазы, докторант Әбілқайыр Мәдиұлы кітап таңдау тақырыбында семинар өткізді.

Семинарда кітапқа деген қызығушылықты оятатын бірнеше техникалар мен кітапты дұрыс таңдау жайында кеңестер айтылды. Соның бірі “Фейнман техникасы”. Бұл техниканың негізгі идеясы оқу материалын белсенді оқып, оны қарапайым түрде түсіндіруге тырысады. Фейнманның техникасының 4 сатысы бар. Бірінші қадам - бастау үшін, біз қағаз парағын алғанда және біз зерттеп жатқан ұғымның атауын жоғарғы жағына жазу керек. Мысалы, егер Пифагор теоремасын зерттесек, оны парақтың жоғарына жазу арқылы. Екінші қадам - тұжырымдама жазылғаннан кейін бізге қажетін сипаттаңыз өз сөзіңізбен қарапайым тілді қолданып, басқа адамға түсіндіргендей секілді. Үшінші қадам – біз түсіндірмейтін бөліктерді анықтау үшін жазылған барлық мәліметтерді қарап шығу. Бұл үшін біздің жазбаларымызға қайта оралуға немесе тақырып бойынша жаңа ақпаратты іздеуге болады. Сондай-ақ, білімді нығайтатын мысалдарды қолдану пайдалы. Соңғы қадам – бұл жазғанымызды қорытындылау. осылайша, егер біз тым күрделі тіл қолдансақ, оны қарапайым және түсінікті етіп жасау үшін мәтінді қайта жаза аламыз. Маңыздысы – сөйлемді кез-келген адам түсінуі мүмкін екеніне көз жеткізу. Егер осы төрт қарапайым қадамды орындағаннан кейін түсініктеме әлі де түсініксіз болса, біз зерттегенімізді толық түсінбеуіміз мүмкін. Мұндай жағдайда процесті қайта бастау керек. Осы тәсілді пайдаланып, меңгерсек “бұл кітапты түсінбедім” демесіміз анық.

Сонымен қатар кітап таңдағанда өз деңгейіңізге қарай таңдап оқу керектігін ең басты негізге алып айтты. Мысалға мүлдем кітап оқымаған адам “Абай жолы” романын оқыса күрделі тілмен жазылған үлкен туындыны түсінбеуі мүмкін де кітапқа қызығушылығы “мен бәрібір түсінбеймін” деген пікірдің астында қалуы мүмкін. Сондықтан тілі түсінікті кітапты, аз-аздан үздіксіз оқи отыра деңгейімізді көтере аламыз. Екіншіден авторға мән беру керек деп, “қазір қоғамда кітапты жазу үшін жазатындар көбейді” деп өкінішін де білдірді.

Кітап оқуды әдетке айналдырудың оңай әдістерімен де бөлісті. Төсегіміздің жанына, үстелдің үстіне, жиі қолданатын заттардың қасына кітаптар қою арқылы алғашында күніне деңгейімізге қарай 5-10 беттен бастап, кейін көбейтіп, аз-аздан үздіксіз оқу арқылы әдетке айналдыратынымызды айтты.

Кітап - рухани азық. Кітап оқыған адамның ой-өрісі дамыған, сөздік қоры үлкен болады. Кітапты оқушы сынамайды, кітап бізді сынайды. Әр оқыған кітабымыз ең бастысы түсіне алып, кейіпкерлердің басынан өткендерін оқи отыра, автордың бізге айтқысы келгенін ұғып өмірлік тәжірибемізде пайдалана алсақ оқыған кітабымыздың жетістігі болмақ.

Арайлым БИҒАЛИҚЫЗЫ, Фил-31


тірегі, дамытушы күші жастар болғандықтан, әрдайым жастармен байланыс орнатып, жастардың ұсынысына қолдау көрсетілуі тиіс. Бұған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Жастар – бұл мемлекеттің күш-қуатын еселейтін ең негізгі мықты буын» деген сөзі дәлел. Жастар ешқашан жұмыссыздық мәселесімен бетпе-бет келмеуі керек, себебі олар елімізді әлемге танытуға бар күшін салуы тиіс.

Бесіншіден, әлемнің барлық мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатқан бейбітшіліксүйгіш Қазақстан. Қазіргі уақытта әлемдік деңгейдегі мемлекеттер арасында небір шиеленістер жүріп жатса да, біздің еліміз барлығымен бірдей тату болуға ұмтылуы тиіс. Әлемде тыныштық орнату үшін еліміздің әр кез барын салуы өте маңызды. Бейбітшілік барда бақытты өмір де бар.

Менің арманымдағы Қазақстанның бейнесі осындай. Бұл жәй ғана арман болып қалмас үшін бар күш-жігерімді, бар білімімді туған еліме пайдам тиюіне жұмсаймын. Қазақ елінің әр ұрпағы осылай ойласа игі. Қорытындылай айтсам, өзіндік менталитеті бар, еркін де бақытты, жаңашыл да бейбітшіліксүйгіш Қазақстан - болашақтың кепілі. Өз ойымды өлең жолдарымен былайша түйіндер едім:

Қазақстан - аманаты өткеннің,
Ауыр күнде кейін қарап бүкпедің.
Арманыңа қадам бастың асықпай,
Енді, міне, келді жарқын күндерің.
Қазақстан - болашақтың мекені,
Жас ұрпақтың сенім артқан ертеңі.
Өрле, дамы, бір орында тоқтама,
Құлпыруың - өткен күннің өтемі.

Жасмин ҒАЙСА,
ҚТӘ-11-топ студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы)



Феномен

Қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең *«Байтұрсынов дәуірі»*, *«Байтұрсынов ғасыры»* делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров *«первый светоч науки»* деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлтының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин) «қазақ жұртының көсемі» (М.Әуезов) де.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М.Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М.Дулатов «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов» (биографиялық очерк), І.Омаров «Ученая деятельность А.Б.Байтурсунова», Т.Шонанов «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған. Содан бері 99 жыл өтті. Биыл Ұлт Ұстазының туғанына 150 жыл.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде *«Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге *«Ахметтану»* арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. *«Ахмет Байтұрсынұлы және әдістеме ғылымы»* монографиясы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді. Кафедра жанынан жылма-жыл *«Ахметтану тәлімі»* конференциясын *(қырқүйек айында)* өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі өл-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: *«Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат бол, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды»*.

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы басқару органына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы өліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ *«оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету»* негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында ІІ жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («*Көзқарас эволюциясы»*, *Қазақ әдебиеті*, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы ағарту ісі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың

ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса», - деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды. «Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» деген тұжырымға келеді.

Осы саладағы А.Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым

Ахмет Байтұрсынұлы — Ұлт Ұстазы

Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: *«А.Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді»*.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Өліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: *«Бұрынғы Өліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Өліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Өліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Өліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Өліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды, бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық. Бұл Өліпби бұрынғысына жүде ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан»*. Осы іспетті пікірді әдіскер ғалым Т.Шонанұлы да былай білдіреді: *«Бұл жөнінде ана тілі методикасының (методика – тарих жүзінде адам баласының үйрету тәжірибелерінің шығарған қорытындылары мен заңдарының жинағы) беті америка әдісіне қарай маңдайын аударған соң, Ахаң жаңа Өліпбиін дыбыс әдісімен де, америка әдісімен де оқытуға жарамды қылып шығарған. Бұл америка әдісімен оқыта алған тұтас сөз жүйесін қолдансын, өлі келмесе қалың мұғалім бұрынғы дыбыс әдісін қолдансын деген болар. Жаңа Өліпбидің бұл бір ұнамды жері»*.

Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ

қолданылуының бір астары осында.

А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған *«Сөз басында»* жеткілікті баяндаған. Онда адамның *адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді», -* дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда *«сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүресін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің ойлардан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа», -* дегені бар.

А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды

шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының біреі санын “Баяншы”, “Әліппе астары”, “Нұсқаушы” (қай жылы жазылғаны белгісіз), “Тіл жұмсар” секілді әдістемелік нұсқаулары мен “Жалқылау (айырыңқы) әдіс”, “Баулу мектеп”, «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», “Қай әдіс жақсы?”, “Дыбыстарды жіктеу туралы” мақалалары құрайды.

А.Байтұрсынұлы мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «өлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады,өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыққа әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын(терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахаң. Бір ғажайы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлт Ұстазы ретінде соны тұлға. Ахаңның мол мұрасына үңілсек, онда диалектиктің тапқырлығы бар, заңгердің жады бар, философтың ойы бар, ақынның тілі бар, трагиктің дауысы бар. Ахаң – тіл дамыту әдістемесі теориясының негізін салушы. Ахмет Байтұрсынұлы – шәкірттің ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуды, әдеби тілдік норманы сақтауды, жазба тілге баулуды, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастықуы көздеген. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ шешендіктану ілімінің іргетасын қалаушы. Оған дәлел – ғалымның шешендік сөзге алғаш анықтама беруі, шешендіктану ілімі құрылымына қатысты сан алуан қағидаларға сипаттама жасауы, терминдер шоғыры, афоризмдік мұрасы.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде өлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері, «Махамбет» әдеби, мәдени және танымдық журналының бас редакторы

Ізетті істің үлгісі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Самбо күресінен КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР Құрметті спорт қайраткері, Халықаралық дәрежедегі төреші Жәрдемөв Жұбанышқали Садырұлына арналған турнир өтті.

Турнирдің мақсаты - өмірі өнегеге толы даңқты спортшы, ұлағатты ұстаз, ғалым Ж.Жәрдемөвтің еңбек жолын ұрпаққа үлгі ету, еңбек ұжымы арасында волейбол ойынын насихаттау және дамыту, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

Спорт саңлағын еске алуға орай ұйымдастырылып отырған шараға М.Өтемісов атындағы БҚУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Хусаинов Мергали

Сергазиевич, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы, ардагер ұстаз Кубашев Темирболат Кубашевич, ғалым, ардагер ұстаз Салов Владимир Юрьевич, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы, ардагер ұстаз Исмагулов Қамеш Исмағұлұлы, Ж.Жәрдемөвтің жақын туыстары мен отбасы арнайы қонақ ретінде шақырылып, спорт шеберінің сан қилы өмірінен сыр шертті.

Одан әрі университетіміздің 6 факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінен құралған құрама командалар бәсекеге түсті. Нәтижесінде Филология факультетінің құрама командасы жеңіс тұғырынан көрінсе, Жаратылыстану-география факультетінің құрама командасы II орынды иемденді. Ал III орын Педагогика факультетінің құрама командасына бұйырды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Біздің жетістіктеріміз!



Атырау қаласында КСРО суретшілер Одағының мүшесі Шаймардан Сариевтің туғанына 85 жыл толуына арналған суретшілер арасында «Ақтаңдақтар ақиқаты» тақырыбында республикалық байқау-көрмесі ұйымдастырылды. Ғылыми-тәжірибелік конференция негізімен бастау алған шараға «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының оқытушысы Отаров Мәліс Тасқалиұлы аталмыш көрмеге қатысып, жүлделі 2-орынды иеленді.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне өзге ұлыс өкілдерінің қызығушылығын арттыру, қазақстандық рухани бірлікті қуатты мақсатында көркемсөз оқу шеберлерінің «Абай оқулары» облыстық байқауы өткізілді.

Байқауға көркемсөз оқу және ән айту шеберлігін игерген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарында оқитын өзге ұлыс өкілдері қатысты. Осы шарадан мәдениет және өнер факультетінің студенті бой көрсетіп, жоғары деңгейде өнер көрсетті. 25-тен аса қатысушы бақ сынасқан байқауда «Музыкалық білім» мамандығының 1-курс студенті Шерстянкина Татьяна жүлделі 1-орын иеленді. Жетекшісі - Музыкалық білім және вокал кафедрасының аға оқытушысы Кенжеғалиева Ақшолпан Жубатовна.




ҚАЗИИТУ ғылым-білім кешенінің «Студенттер сарайы» ғимаратында ағымдағы жылдың 9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаментімен бірлескен «Білімділер додасы» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. Нағыз білімді, талапты студенттердің жарысында Тарих, экономика және құқық факультетінің намысын қорғаған Батырғали Риза мен Тұрғали Райымбектің жетекшілігіндегі «IQ Istak» дарындылары жүлделі 2-орынды иеленді. Көптің арасынан құштарлыққа, ізденімпаздыққа ұмтылып, ұшқыр ойымен ерекшелене білген студенттеріміздің алда алар асуларының көп болатынына сенімдіміз.



Қараша айының 2-4 күндері арасында таэквондодан Қазақстан Республикасының кубогында фкс-19 тобының студенті Ақдаuletova Алия чемпион атанып, «Үздік техникалық спортшы» аталымына ие болды. Алдағы уақытта Алия Әлем чемпионатында сынға түсетін болады. Кураторы - Н.Н.Наурызбаев

Қарағанды қаласында Азияның үздіктері бас қосқан жекпе-жек спорт түрінен Азия чемпионатында фкс-39 тобының студенті Тулимисов Миржан байрақты бәсекеде топ жарып, чемпион атанды. Ол Ташкентте өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Кураторы - Н.Н.Наурызбаев



Барша жетістік иелерін шын жүректен құттықтаймыз!

Поздравляем!

23 ноября этого года ученому исполнилось 81 год. Желаем нашему дорожному Николаю Сергеевичу крепкого здоровья, нескончаемого счастья и благополучия родным и близким! Спасибо Вам за Ваше служение науке, делу образования и просвещения!

Напомним, что с 1978 года Жигалин Николай Сергеевич постоянно находился на руководящих должностях в ЗКУ: являлся заведующим кафедрой русского языка, деканом филологического факультета, заместителем директора гуманитарного института, и.о. зав. кафедрой общего языкознания и перевода, уделяя много внимания укреплению материально-технической и экспериментально-производственной базы руководимых им подразделений. В прошлом году в канун юбилея, ученый был награжден ректоратом ЗКУ им. М. Утемисова нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан».



ТҮЛЕКТЕРМЕН ӨТКЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ

Университетіміздің 90 жылдық мерейтойына орай «Өткеннен тағылым» атты түлектермен кездесу кеші өтті. Шараға әр жылдары оқу бітірген түлектер қатысты. Олар - Искалиева Айгуль Бисенбаевна, Айтмағанбетов Руслан Қалыбаевич, Хамзина Румия Абаевна, Сафуллин Елдос Набиоллаұлы. Шараға кафедрамыздың аға оқытушысы Ғ.Г.Мұхамбетова, аға оқытушы, магистр С.М.Акимова, Ж.С.Иксебаева, Д.Н.Курмашева, оқытушы З.М.Химеденова, Б.С.Насырова, Г.А.Дошева, М.Қазиқызы қатысты.



Шараға қатысып отырған түлектерге алғыс білдіре отырып кафедра доценті Медешова Айгуль Бақтығалиевна кешті қорытындылап, түлектерге арнап естелік сыйлықтар ұсынды. Шара соңында барлық түлектерге арнап М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс студенті Е.Маратов «Жан досым» және БҚУ 2-курс студенттері Н.Абаева МЕН Л.Жексенғазиева «Мың алғыс саған Ұстазым» әнін орындап берді. Фотосуретке түсумен шара өз мәресіне жетті.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 998

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Жанна АВТАЕВА, Аяулым АШИМЖАНОВА, Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-51-46, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА